Әскери-патриоттық тәрбие және азаматтық жауапкершілік

Бастапқы әскери даярлықтың маңызды міндеттерінің бірі – білім алушының елге, қоғамға және өз міндетіне жауапкершілікпен қарауын қалыптастыру. Әскери-патриоттық тәрбие бұл жерде тек әскери қызметке қызығушылық қалыптастырумен шектелмеуі керек.

Отансүйгіштік ұғымы туған елдің тарихын білу, мемлекеттік рәміздерді құрметтеу, қоғамдық тәртіпті сақтау, өз міндетін адал орындау, өзгенің қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарау сияқты күнделікті азаматтық әрекеттермен байланыстырылуы қажет.

Қазақстан Республикасының әскери-патриоттық тәрбиеге қатысты қазіргі тұжырымдамалық құжаттарында да жастардың қазақстандық патриотизмін, біртұтас ұлтқа тиесілілік сезімін және елді қорғауға даярлығын қалыптастыру міндеттері белгіленген.

Қорытынды

Қорытындылай келе, бастапқы әскери даярлық пәні білім алушының әскери білімін қалыптастырумен қатар, оның бәсекеге қабілетті тұлға ретінде дамуына ықпал ететін маңызды педагогикалық мүмкіндіктерге ие. Пән сабақтарында тәртіп, жауапкершілік, көшбасшылық, командалық әрекет, шешім қабылдау, физикалық және психологиялық төзімділік, қауіпсіздік мәдениеті, цифрлық сауаттылық сияқты қасиеттер жүйелі түрде қалыптастырылуы қажет.

Бұл мақсатқа жету үшін теориялық білімді практикалық жаттығулармен ұштастыру, ситуациялық тапсырмаларды қолдану, командалық жұмыстарды ұйымдастыру, әскери-спорттық іс-шараларды өткізу, цифрлық ресурстарды тиімді пайдалану және оқу-жаттығу жағдайларын өмірлік жағдаяттармен байланыстыру маңызды.

БӘД оқытушы-ұйымдастырушысының кәсіби шеберлігі оқушыға әскери білімді қаншалықты көп берумен ғана емес, сол білімді нақты жағдайда қолдана алатын, өз әрекетіне жауап беретін, қиындық алдында шешім қабылдайтын және қоғамда белсенді позиция ұстанатын тұлғаны қалыптастыруымен өлшенеді. Демек, бастапқы әскери даярлық сабағы – әскери білім берудің ғана емес, өмірге дайын, жауапты, тәртіпті және бәсекеге қабілетті азамат тәрбиелеудің маңызды педагогикалық алаңы.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Заңы. Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы: 2012 жылғы 16 ақпандағы № 561-IV ҚРЗ. – Астана, 2012. – 14-1-бап, 10-бап.
2. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 606 бұйрығы. Бастапқы әскери даярлықты ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ оның оқу-материалдық базасын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы. – Астана, 2014.
3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы. – Астана, 2022.
4. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 12 шілдедегі № 347 бұйрығы. Бастапқы әскери дайындық қағидаларын бекіту туралы. – Астана, 2017. (2025 жылғы өзгерістермен).
5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 24 қарашадағы № 1039 қаулысы. Жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеудің 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы. – Астана, 2023.
6. Исмакова Б.С., Готтинг Г., Умирбекова М.А. Бастапқы әскери дайындық оқытушыларын кәсіби даярлау мәселелері // Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ Хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы. – 2020. – №3 (58). – DOI: 10.48371/PHILS.2020.58.3.010.
7. Тасболатов А., Майхиев Д. Бастапқы әскери және технологиялық дайындық. – Алматы: Мектеп, 2018. – 127 б.
8. Тасболатов А., Майхиев Д. Бастапқы әскери және технологиялық дайындық. Қашықтан оқыту: әдістемелік нұсқау. – Алматы, 2020. – 30 б.
9. Райымбек А. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріндегі патриотизм және патриоттық тәрбие беру проблемалары // Uluslararası Türk Dünyası Araştırmaları Dergisi. – 2021. – Т. 4, №2. – Б. 47–62.
10. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім берудің оқу-әдістемелік орталығы. Бастапқы әскери даярлық пәнінің педагогтеріне түсінік жұмыстары жүргізілді. – 7 қыркүйек 2026 ж.

Мынбаева Мария Балтабаевна
Тәрбиеші
"Думан" бала бақша-яслиі"
Қызылорда облысы, Шиелі ауданы



«ЖОМАРТ КҮЗ»

Мақсаты: Күз мезгілі туралы түсініктерін кеңейту;
Күздің жомарттығын, табиғаттың әсемдігін сезіндіру;
Балалардың шығармашылық қабілеттерін (ән айту, би билеу, өлең оқу) дамыту;
Ата-аналарды балабақша өміріне белсене қатысуға шақыру, балалар Мен ата-аналар арасында жағымды көңіл-күй мен мерекелік атмосфера қалыптастыру;

Жүргізуші:

Күзгі нұрмен шаттанып,
Табиғат тұр құлпырып,
Қош келдің, Алтын күзіміз!
Бастайық думан, жыр қылып.

Құрметті қонақтар, балалар! «Жомарт күз» мерекесіне қош келдіңіздер! Ел байлығын арттырған берекелі де, мерекелі күз мерекесі құтты болсын!
Осы ертеңгілігімізді ашып беру салтанатын балабақшамыздың меңгерушісі Уалиева Аида Талғатқызына сөз кезегі беріледі.
Ортаға балабақшамыздың мектепалды даярлық «Балдырған» тобын қошеметпен қарсы алыңыздар!
Хор: «Алтын күз»
Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар, орындыққа жайғасып отырыңдар!
Ерте, ерте, ертеде бір бақта көкөністер бір-бірімен тату-тәтті өмір сүріпті. Күндердің күнінде олардың арасында үлкен дау туыпты.
Қияр: Достарым! Бүгіннен бастап бұл бақтың бақшасы мен боламын. Өйткені өзімнің жасыл көркіммен, әзілкеш мінезіммен ерекшеленемін, ешқайсысың менімен теңесе алмайсыңдар!
Қызанақ: Ой,ой, ой сонша дауыс көтеріп не болды? Шындығына келгенде бұл бақта гүлдей жайнаған, құлпырған бақтың ханшайымы менмін!
Сәбіз: Ту, қызанақ қойшы, сен де өзіңді тым қатты бағалайсың ғой, бұл жерде ерекше түріммен, ұзын бойыммен ерешеленетін, бақтың сұлу жігіті менмін!
Картоп: Құлпырған түріңнен не пайда? Ешқайсысың мен сияқты адамға пайда бере алмайсыңдар, мен бағалымын, бақтың иесі мен боламын!
Пияз: Хм, менің сөйлемегенім қате болар, сыртыммен бәрін жылатсам да, жан дүнием өте миірімді, өте тәттімін!

Капуста: Достарым, бұларың не сендердің, үлкенді сыйламайсыңдар ма, жасым қырыққа келсе де бақтың иесі боламын деп таласқан емеспін, себебі бақтың иесі онсыз да бәріміз емес пе? Себебі барлығымыздың өзіндік пайдамыз бар, адамдар соған қарай пайдасына жаратады. Тату болсақ бақта барлығымыз бақытты өмір сүре аламыз! Кел достасайық, тату болайық!
(Құшақтасып, бірігіп сахнадан шығып кетеді)
Музыкамен тырна кіріп келеді.
Тырна: Сәлеметсіңдер ме балалар! Мұнда не болып жатыр?
Балалар: «Алтын күз» мерекесі
Тырна: Қандай керемет! Айнала толған балалар, қандай керемет безендіргенсіңдер!
Жүргізуші: Тырнажан біздің мерекемізге сен де қатыссаң болады. Балаларымыздың кереметтей өнерлерін тамашалаңыз.
Тырна: Мен жылы жаққа ұшып бара жатыр едім. Мыстан кемпірдің кесірінен тізбектелген тырналар тобынан қалып қойдым. Мені мыстан кемпір сулатып түсірді. Сол себепті тырналарымнан қалып қойдым. Енді міне, адасып жүрмін.
Жүргізуші: Тырнажан, біз сізге көмек береміз, қазір бізбен осы мерекені атап өтіңіз.
Тырна: Жарайды, қанекей балалар сендермен көңілімді көтеріп «Алтын күзді» тамашалайын.
Жүргізуші: Ендеше, МАД «Балдырған» тобының тақпақтарын ұсынады.
Жанерке: Жеміс-жидек пісті
Қамбаға астық түсті
Қызу жұмыс басталып,
Жинап алды жан салып
Жантөре: Думан толы асқарлы
Күз мезгілі басталды
Күз әуені кеп жетті
Әнге бөлеп жастарды
Ғалымұлы Д: Нұрға бөлеп өмірді
Жырға бөлеп көңілді
Жарқыраған сәулелі
Күз әуені төгілді
Рамазан: Жетті желмен Алтын күз
Жеміс жинау салтымыз
Жиып, ткріп болған соң
Той жасайды халқымыз
Алимұса: Сап-сары ғып даланы
Бояпты ғой күз деген
Құстар қанат қағады
Қоштасқандай бізбенен.
Мариям: Қарашы күз келді, күз келді
Сары алтын жауыпты іздерді
Құс біткен керуен түзеді
Көңілсіз неткен күз еді
Амина: Алақай, алақай!
Шаттанды балақай
Күз түсті, дән пісті
Айтамыз алғысты.
Інжу: Қуандырып біздерді
Кел жемісті Алтын күз
Өлкемізге күз келді
Кемелденсін халқымыз.
Сұлуфан: Жемісі мол теретін
Күз дос екен бізбенен

Бәрін тауып беретін
Жомарт екен күз деген
Адиля: Берекесін сыйлауға
Өлкемізге күз келді
Жемістерін жинауға
Шақырады біздерді
Медина: Алақай, алақай!
Шаттанды балақай
Күз түсті, дән пісті
Айтамыз алғысты.
Хамит: Алтын, сары, қызыл, көк
Алуан-алуан жапырақ
Ағаштардан жамырап
Ұшты кенет жапырақ.
Муслим: Күзім ау, күзім ау!
Мінезің бұзық ау
Жаңбырың сіркіреп
Келгенің қызық ау.
Ахмедияр: Келді міне күз
Айнала сары түс
Керемет, тамаша
Қандай сары түс!
Константин: Күздің қазан айында
Алма, алмұрт піседі
Жапырақтар сарғайып,
Сыбдыр-сыбдыр етеді.
Баймұхаммед: Күзім ау, күзім ау
Мінезің бұзық ау
Жаңбырың сіркіреп
Келгенің қызық ау.
Әлібек: Көрініп еліме
Күндері мереке
Келді ғой жеріме
Күз дейтін мереке.
(Осыдан кейін мыстан кіріп келеді)
Мыстан кемпір: Ха-ХА-Ха, Сендер кімсіңдер, Мен тырнамды іздеп жүрмін, көрмедіңдер ме?
Балалар: Жооқ.
Мыстан кемпір: Осы маңға кеткен сияқты еді, мен анық көрдім. Сендер жасырып тұрсыңдар, шығарыңдар қанекей!
Балалар: Жооқ.
Тырна: (атып шығады) Жоқ, жоқ маған тисе көрмеші, мені жайыма қалдыр.Өтінемін!
Мыстан: Жоқ, мен сені жібермеймін.
Жүргізуші: Мыстан кемпір, тырнаны қоя бер. Біз сізді қонақ етейік. Мұнда «Алтын күз» мерекесін тойлап жатырмыз. Мүмкін, райыңнан қайтарсың?
Тырна: Мені қоя бер, бүгін ауа-райы да бұзылайын деп тұр. Мен тізбегіме жетіп алайын.
Мыстан: Жооқ, жооқ.
(Осы кезде, қара бұлт кіріп келеді)
Бұлт: Мұнда не шу, не айғай болып жатыр? Ұйықтап жатқан жерімнен ояттыңдар, келмеске амалым болмады.
Тырна: Мыстан кемпірдің кесірінен тізбегімнен адасып қалдым.

Бұлт: Мыстан кемпір мұның не? Тырнаны жайына қалдыр, мұның жарамайды. Мен төбеден бәрін көрдім.
Мыстан: Ха-Ха! Есесіне не бересіңдер?
Жүргізуші: Балаларымыздың өнерлерін тамашалаңыз. біз сізге жақсы көңіл-күй сыйлаймыз.
Мыстан: Жарайды. Егер көңіл-күйімді көтерсеңдер мен қайтамын, тырнаны да жіберемін. Ал қане, қандай өнерлерің бар?
Бұлт: Жарайды, бірге тамашалайық!
Жүргізуші: Балалар өз өнерімізді жақсылап көрсетіп, тырнаға көмектесейік, жарай ма?
Ортаға МАД тобының биші ұлдарының орындауында «Тамшылар» биін қабыл алыңыздар!
Би: «Тамшылар»
Жүргізуші: Мыстан кемпір, Тырнажан, Бұлт біздің балаларымыздың өнерлері біткен жоқ, ендігі кезекте кішкентай ханшайым қыздарымыздың орындауында «Күз келгенде» әнін тамашалаңыздар!
Ән: «Күз келгенде»
Мыстан: Ой жарайсыңдар, маған ұнап жатыр!
Жүргізуші: Енді, келесі өнерпаз ұл-қыздарымыздың орындауында «Парижге саяхат» биін қабыл алыңыздар!
Би: «Парижге саяхат»
Мыстан: Менің көңіл күйім көтеріліп қалды, балалар өнерлі екен! Енді, мен уәдемде тұрып қайтайын, тырнаға да тиіспеймін. Сау болыңдар!
Бұлт: Біз де қайтамыз, мен тырнаға жол көрсетіп, тізбектелген тырналарды көрдім, соларға қосайын, сендерге де рахмет!
Тырна: Балалар, сендер маған үлкен көмек бердіңдер, алғысым шексіз, мыстаннан құтқардыңдар, сендер болмасаңдар мен қайтер едім. Рахмет сендерге, біз қайтайық, сау болыңдар!
Жүргізуші: Ән салыңдар, күліңдер!
Жайнап, гүлдей жүріңдер!
Күздің тойын тойлайық!
Би, билейік ойнайық!
Ортада «Күзгі вальс» орындайтындар МАД тобының бүлдіршіндері. Қошеметпен қарсы алыңыздар!
Би: «Күзгі вальс»
Жүргізуші: Күзгі тойды жаптық біз
Көңіліміз шаттық із
Рахмет, саған Алтын күз!
Берекең болсын әр үйде біз!
Жүргізуші: Алтын күз келіп, нұр төкті.
Далаға сән мен гүл екті.
Балалар, кеттік ойнайық,
Күзгі ойын-бір қызық!
Демекші, балалар ойын ойнаймыз ба? Ендеше, кірпіге алма теріп берйік.
Ойын: «Алма теру»

Құрметті қонақтар, бүгінгі «Жомарт күз» мерекелік іс-шарамыз осымен аяқталды. Күзгі нұрмен келер әр күніміз шуақты болсын!

Мешітбаева Асемай Бекболатқызы
Тәрбиеші
«Power of children»
Астана қаласы



STEAM ТЕХНОЛОГИЯСЫ – МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАНЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ ҚҰРАЛЫ

Аннотация. Мақалада мектепке дейінгі жастағы балалардың зерттеушілік қабілетін қалыптастыруда STEAM технологиясын қолданудың маңызы қарастырылады. STEAM тәсілі ғылым, технология, инженерия, өнер және математиканы өзара байланыстыра отырып, баланың қоршаған ортаны зерттеуіне, сұрақ қоюына, тәжірибе жүргізуіне, болжам жасауына және өз ойын шығармашылық тұрғыда жүзеге асыруына мүмкіндік береді. Мектепке дейінгі ұйым жағдайында STEAM элементтерін ойын, тәжірибе, бақылау, құрастыру және шығармашылық әрекеттермен ұштастырудың тиімді жолдары ұсынылады.

Түйін сөздер: STEAM технологиясы, мектепке дейінгі тәрбие, зерттеушілік қабілет, тәжірибе, бақылау, шығармашылық, құрастыру, баланың танымдық белсенділігі.

Кіріспе

Қазіргі мектепке дейінгі білім беру жүйесінде баланың тек дайын ақпаратты қабылдауы емес, қоршаған ортаны өздігінен танып-білуі, сұрақ қоюы, ізденуі және қарапайым қорытынды жасай алуы маңызды. Мектепке дейінгі кезең – баланың табиғи қызығушылығы ерекше байқалатын уақыт. Бала «Неліктен?», «Қалай?», «Егер бұлай жасасақ не болады?» деген сұрақтар арқылы қоршаған ортаны танып, тәжірибе жинақтайды.

Осы табиғи қызығушылықты қолдау мақсатында мектепке дейінгі ұйымдарда заманауи педагогикалық технологияларды тиімді пайдалану қажет. Солардың бірі – STEAM технологиясы.

STEAM – Science (ғылым), Technology (технология), Engineering (инженерия), Art (өнер), Mathematics (математика) бағыттарының өзара байланысына негізделген тәсіл. Оның ерекшелігі – баланы жеке пәндік әрекетке ғана емес, бірнеше бағытты біріктіре отырып мәселені шешуге бағыттау.

Мектепке дейінгі жаста STEAM технологиясын күрделі теория ретінде емес, баланың жас ерекшелігіне сай ойын, тәжірибе, бақылау, құрастыру, сурет салу және қарапайым зерттеу жұмыстары арқылы ұйымдастыру тиімді.

STEAM технологиясының мектепке дейінгі білім берудегі маңызы

STEAM технологиясының басты ерекшелігі – баланың белсенді әрекет етуіне жағдай жасау. Тәрбиеші дайын жауапты бермей, баланың өздігінен ойлануына, байқап көруіне және нәтижесін салыстыруына мүмкіндік береді.

Мысалы, «Қай зат суда жүзеді?» деген қарапайым сұрақтың өзі бірнеше бағытты қамти алады. Бала әртүрлі заттарды суға салып көреді, олардың қасиеттерін бақылайды, нәтижесін салыстырады және өз болжамын айтады.

Мұндай әрекет барысында:

- баланың қызығушылығы артады;
- сұрақ қою дағдысы қалыптасады;
- бақылау қабілеті дамиды;
- себеп-салдарлық байланысты түсіне бастайды;
- қарапайым қорытынды жасауға үйренеді;
- шығармашылық ойлауы дамиды;
- топпен жұмыс жасау дағдысы қалыптасады.

Сондықтан STEAM технологиясы мектепке дейінгі жастағы баланың зерттеушілік қабілетін дамытуға қолайлы құрал болып табылады.

Баланың зерттеушілік қабілетін қалыптастыру

Зерттеушілік қабілет – баланың қоршаған ортаны бақылауы, сұрақ қоюы, болжам жасауы, тәжірибе арқылы тексеруі және алынған нәтижені түсіндіруге талпынуы.

Мектепке дейінгі жаста бұл қабілет қарапайым әрекеттерден басталады.

Мысалы:

Сұрақ қою:

«Неліктен мұз ериді?»

Болжам жасау:

«Мұзды жылы жерге қойсақ, тез ериді».

Тәжірибе жүргізу:

Мұзды жылы және салқын орынға орналастыру.

Бақылау: Екі жағдайдағы өзгерістерді салыстыру.

Қорытынды: «Жылы жерде мұз жылдам еріді».

Осылайша бала зерттеу әрекетінің қарапайым алгоритмін меңгереді.

STEAM бағыттарын мектепке дейінгі жаста қолдану

1. Science – ғылым

Ғылыми бағыт баланың табиғат құбылыстарын бақылауына және қарапайым тәжірибелер жүргізуіне мүмкіндік береді.

Балалармен:

- су, ауа, құм және топырақ қасиеттерін зерттеу;
- өсімдіктің өсуін бақылау;
- мұздың еруін бақылау;
- жарық пен көлеңкені зерттеу;
- магниттің қасиетін анықтау;
- табиғи материалдарды салыстыру сияқты жұмыстар жүргізуге болады.

Бұл әрекеттер баланың табиғатқа деген қызығушылығын арттырады.

2. Technology – технология

Мектепке дейінгі ұйымдағы технология бағыты міндетті түрде күрделі цифрлық құралдарды пайдалануды білдірмейді. Қарапайым құралдарды дұрыс қолдану да технологиялық ойлауды қалыптастырады.

Мысалы, балалар:

- үлгі бойынша құрастырады;
- қарапайым механизмдерді пайдаланады;
- цифрлық суреттермен жұмыс істейді;
- интерактивті тапсырмаларды орындайды;
- фото және бейнематериалдар арқылы бақылау жүргізеді.

Тәрбиеші технологияны баланың жас ерекшелігіне сәйкес қауіпсіз әрі мақсатты қолдануы қажет.

3. Engineering – инженерия

Инженерлік бағыт баланың «қалай жасауға болады?» деген сұрағына жауап іздеуіне негізделеді.

Балаларға:

- көпір құрастыру;
- мұнара жасау;
- үй макетін құрастыру;
- көлікке жол жасау;
- қағаздан ұшақ жасау;
- табиғи материалдардан құрылыс құрастыру сияқты тапсырмалар беруге болады.

Мысалы, «Қуыршаққа көпір жасап бер» тапсырмасында бала қандай материалдың тиімді екенін таңдап, құрылысын жоспарлап, жасап көреді. Егер құрылыс құлап қалса, қайта жасап, өз қатесін түзетуге мүмкіндік алады.

4. Art – өнер

Өнер баланың шығармашылық қабілетін дамытады. STEAM жүйесінде өнер ғылыми немесе инженерлік әрекеттермен байланысады.

Мысалы:

- тәжірибе нәтижесін сурет арқылы көрсету;
- табиғи материалдардан композиция жасау;
- түрлі түстерді араластыру;
- өз жобасының макетін безендіру;
- көлеңкеден бейне жасау;
- еркін шығармашылық жұмыс орындау.

Бұл баланың қиялын, эстетикалық талғамын және өзіндік ойын білдіру қабілетін жетілдіреді.

5. Mathematics – математика

Математикалық бағыт күнделікті әрекет барысында табиғи түрде қолданылады.

Балалар:

- заттарды санайды;
- өлшейді;
- салыстырады;
- топтастырады;
- пішіндерді ажыратады;
- көлемін анықтайды;
- ұзын-қысқалығын салыстырады;
- қарапайым кеңістіктік бағыттарды меңгереді.

Мысалы, «Қай мұнара биік?» тапсырмасында бала бірнеше құрылысты салыстырып, олардың биіктігін анықтайды.

STEAM негізіндегі зерттеу жұмысының кезеңдері

Мектепке дейінгі балалармен зерттеу жұмысын ұйымдастыруда төмендегі қарапайым кезеңдерді қолдануға болады:

1. Қызығушылықты ояту – баланың назарын белгілі бір мәселеге аудару.

2. Сұрақ қою – «Неге?», «Қалай?», «Не болады?» деген сұрақтарға жауап іздеу.

3. Болжам жасау – баланың өз ойын алдын ала айтуы.

4. Тәжірибе жасау – болжамды іс жүзінде тексеру.

5. Бақылау және салыстыру – нәтижеге назар аудару.

6. Қорытынды жасау – баланың өз сөзімен нәтижені түсіндіруі.

Бұл кезеңдер баланың логикалық ойлауын ғана емес, сөйлеу және коммуникативтік дағдыларын да дамытады.

Балабақшада қолдануға болатын STEAM тәжірибелері

«Сиқырлы су»

Балаларға су, мұз және жылы су ұсынылады. Мұздың әртүрлі жағдайдағы еру жылдамдығы бақыланады.

Мақсаты: судың күй өзгерісін бақылау, болжам жасау және салыстыру.

«Жүзеді ме, батады ма?»

Балалар ағаш, тас, пластик, қағаз сияқты заттарды суға салып көреді.

Мақсаты: заттардың қасиеттерін бақылау және нәтижесін салыстыру.

«Көпір құрастыр»

Балалар қағаз, текше, таяқша сияқты материалдардан көпір жасайды.

Мақсаты: инженерлік ойлау мен шығармашылық қабілетті дамыту.

«Көлеңке қайдан пайда болады?»

Жарық көзі мен түрлі заттардың көмегімен көлеңке бақылау ұйымдастырылады.

Мақсаты: жарық пен көлеңке арасындағы байланысты түсіндіру.

«Құпия магнит»

Магнит арқылы әртүрлі заттардың тартылуын тексеру.

Мақсаты: зерттеу, салыстыру және қорытынды жасау дағдысын қалыптастыру.

Тәрбиешінің рөлі

STEAM технологиясын қолдануда тәрбиеші баланың орнына барлық жұмысты орындаушы емес, зерттеу әрекетін ұйымдастырушы болуы қажет.

Тәрбиеші:

- баланың сұрағына бірден дайын жауап бермеуі;
- «Сен қалай ойлайсың?» деген сұрақтарды қолдануы;
- баланың болжамын тыңдауы;
- тәжірибе жасауға мүмкіндік беруі;
- қателесуге және қайта жасап көруге жағдай жасауы;
- әр баланың ойын құрметтеуі;
- қауіпсіздік талаптарын сақтауы тиіс.

Мысалы, бала тәжірибе барысында қате нәтиже алса, «дұрыс емес» деп тоқтатудың орнына «Тағы қалай жасап көруге болады?» деген бағыттаушы сұрақ қойған тиімді.

STEAM технологиясының бала дамуына әсері

STEAM элементтерін жүйелі қолдану баланың бірнеше қабілетін қатар дамытуға мүмкіндік береді.

Біріншіден, **танымдық белсенділік** артады. Бала жаңа нәрсені білуге қызығушылық танытады.

Екіншіден, **зерттеушілік қабілет** қалыптасады. Бала бақылау жасап, салыстырып, қарапайым қорытынды шығаруға үйренеді.

Үшіншіден, **шығармашылық ойлау** дамиды. Бала бір тапсырманы орындаудың бірнеше жолын іздейді.

Төртіншіден, **коммуникативтік дағдылар** жетіледі. Өзінің жасаған жұмысын түсіндіруге және басқа балалардың пікірін тыңдауға үйренеді.

Бесіншіден, **әлеуметтік дағдылар** қалыптасады. Топтық жобалар кезінде балалар бір-біріне көмектесіп, ортақ шешім қабылдайды.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, STEAM технологиясы – мектепке дейінгі жастағы баланың табиғи қызығушылығын қолдап, оны зерттеуге бағыттайтын тиімді педагогикалық тәсілдердің бірі. Оның құндылығы – баланы дайын білімді қабылдаушы емес, қарапайым мәселенің шешімін іздеуші ретінде қалыптастыруында.

Баланың қолына қажетті материал беріп, «Өзің жасап көр», «Қалай ойлайсың?», «Нені байқадың?», «Тағы қандай жолы бар?» деген сұрақтар арқылы қолдау көрсету оның зерттеушілік қабілетінің дамуына ықпал етеді.

STEAM технологиясын балабақшадағы ойын, тәжірибе, бақылау, құрастыру және шығармашылық жұмыстармен ұштастыру арқылы баланың танымдық белсенділігін

арттыруға болады. Ең бастысы – әрбір әрекет баланың жас ерекшелігіне сай, қызықты, қауіпсіз және еркін зерттеуге мүмкіндік беретіндей ұйымдастырылуы қажет.

Зерттеуге мүмкіндік берілген бала – сұрақ қоюды, ізденуді, байқап көруді және өз ойын білдіруді үйренеді. Сондықтан STEAM технологиясын мектепке дейінгі білім беру тәжірибесіне енгізу баланың бүгінгі танымдық қызығушылығын қолдап қана қоймай, оның болашақтағы шығармашылық және зерттеушілік әлеуетінің қалыптасуына негіз болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы.
3. STEAM білім беру технологияларын мектепке дейінгі ұйымдарда қолдануға арналған әдістемелік материалдар.
4. Балалардың зерттеушілік және шығармашылық қабілеттерін дамытуға арналған педагогикалық еңбектер.
5. Мектепке дейінгі ұйым педагогтеріне арналған заманауи педагогикалық технологиялар жинағы.

STEAM-ТЕХНОЛОГИЯ КАК СРЕДСТВО РАЗВИТИЯ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ РЕБЕНКА ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

Аннотация. В статье рассматривается значение применения STEAM-технологии в формировании исследовательских способностей детей дошкольного возраста. STEAM-подход, объединяя науку, технологии, инженерию, искусство и математику, создает возможности для исследования ребенком окружающего мира, постановки вопросов, проведения экспериментов, выдвижения предположений и творческой реализации собственных идей. Предлагаются эффективные способы сочетания элементов STEAM с игровой, экспериментальной, наблюдательной, конструкторской и творческой деятельностью в условиях дошкольной организации.

Ключевые слова: STEAM-технология, дошкольное воспитание, исследовательские способности, эксперимент, наблюдение, творчество, конструирование, познавательная активность ребенка.

STEAM TECHNOLOGY AS A TOOL FOR DEVELOPING THE RESEARCH SKILLS OF PRESCHOOL CHILDREN

Abstract. The article examines the importance of using STEAM technology in developing the research skills of preschool children. The STEAM approach integrates science, technology, engineering, arts, and mathematics, creating opportunities for children to explore the world around them, ask questions, conduct experiments, make predictions, and creatively implement their own ideas. Effective ways of combining STEAM elements with play-based, experimental, observational, construction, and creative activities in preschool settings are proposed.

Keywords: STEAM technology, preschool education, research skills, experiment, observation, creativity, construction, children's cognitive activity.

Бейбитжан Меруерт Бейбитжановна[1] - магистр, оқытушы,
Амирғазы Ақпейіл Муратқызы[2] - магистр, оқытушы,
Калдыбаева Айжан Сейсебековна[3] - магистр, аға оқытушысы
[1,2,3]Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
Алматы қаласы

«ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫ МЕҢГЕРГЕН ҰРПАҚ – ЕЛ БОЛАШАҒЫ»

Аңдатпа. Мақалада қазақстандық студенттердің білім алу, шығармашылық ізденіс және кәсіби даму үдерісінде заманауи технологияларды, соның ішінде жасанды интеллект құралдарын тиімді әрі жауапкершілікпен қолдану мүмкіндіктері қарастырылады. Жасанды интеллектінің оқу үдерісін жекелендіру, ақпаратты іздеу және талдау, ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, шығармашылық қабілеттерді дамыту және білім алушының цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудағы рөлі сипатталады. Сонымен қатар технологияны пайдаланудың академиялық адалдық, ақпараттың дұрыстығын тексеру, авторлық құқықты сақтау, жеке деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және цифрлық жауапкершілік сияқты маңызды аспектілеріне назар аударылады. Мақалада жасанды интеллектіні студенттің орнына ойлайтын немесе дайын жауап беретін құрал ретінде емес, оның танымдық белсенділігін, сыни ойлауын және кәсіби әлеуетін арттыруға мүмкіндік беретін көмекші ресурс ретінде пайдалану қажеттігі негізделеді. Автор жоғары оқу орындарында студенттердің жасанды интеллект құралдарын сауатты қолдану мәдениетін қалыптастырудың, практикалық жобалар мен зерттеу жұмыстарын ұйымдастырудың және білімді бағалаудың заманауи тәсілдерін енгізудің маңызын атап көрсетеді. Технологиялық мүмкіндіктерді білім, адамгершілік құндылықтар және жауапкершілікпен ұштастырудың болашақ маманды қалыптастырудағы мәні айқындалады.

Түйінді сөздер: жасанды интеллект, жаңа технологиялар, цифрлық сауаттылық, студент, жоғары білім, цифрлық құзыреттілік, академиялық адалдық, сыни ойлау, жекелендірілген оқыту, ақпараттық қауіпсіздік, кәсіби даму, білім беру, технологиялық мәдениет.

Қазақстандық жастар жасанды интеллектіні білім алудың, шығармашылық ізденістің және кәсіби дамудың тиімді құралына айналдырып келеді. Заманауи технологияларды жауапкершілікпен меңгерген студенттер – еліміздің интеллектуалдық мүмкіндігін жақсартатын жаңа буын өкілдері.

Бүгінде жасанды интеллект адам өмірінің көптеген саласына еніп, білім беру жүйесіне де елеулі өзгеріс әкеліп отыр. Кеше ғана болашақтың технологиясы ретінде қабылданған бұл құрал қазір қазақстандық студенттердің күнделікті оқу үдерісінің бір бөлігіне айналды. Жастар оны ақпарат іздеу, күрделі тақырыптарды түсіну, ғылыми жобаларды жоспарлау және жаңа идеяларды жүзеге асыру мақсатында қолдануда.

Жасанды интеллектінің білім беру саласына енуі – технологиялық дамудың ғана емес, студенттік ойлау мәдениетінің жаңаруының да көрінісі. Қазіргі білім алушы дайын ақпаратты қабылдаумен шектелмейді. Ол деректерді талдап, түрлі көзқарастарды салыстырып, өзіне қажетті білімді іріктей білуі керек. Осы тұрғыдан алғанда, жасанды интеллект студенттің ізденісін жылдамдатып, оның мүмкіндігін кеңейтетін сенімді көмекші бола алады.

Қазіргі студентке белгілі бір мамандық бойынша білім алу ғана жеткіліксіз. Ол ақпаратты саралап, цифрлық құралдарды тиімді пайдаланып, өзгермелі ортаға тез бейімделуі қажет. Сонымен қатар шығармашылық ойлау, дұрыс шешім қабылдау, топпен жұмыс істеу және өз білімін үнемі жетілдіру қабілеттері де маңызды.

Жасанды интеллект осындай дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді. Оның көмегімен студент күрделі тақырыптарды қарапайым тілмен түсіндіре алады, ғылыми деректерді реттейді, зерттеу жоспарын құрады және шет тілдерін үйренеді. Болашақ программалау код жазу мен оны тексерудің жаңа тәсілдерін меңгерсе, педагогикалық мамандық студенттері

сабақ жоспарын әзірлеп, оқу тапсырмаларын түрлендіреді. Ал жас зерттеушілер көлемді ақпаратты қысқа уақытта талдап, ғылыми жұмысының негізгі бағытын айқындай алады.

Мұндай мүмкіндіктер студенттің уақытын тиімді ұйымдастыруына жағдай жасайды. Техникалық немесе қайталанатын жұмыстарға жұмсалатын уақыт азайып, білім алушы талдау, шығармашылық ізденіс және тәжірибелік жұмыс сияқты маңызды міндеттерге көбірек көңіл бөле алады. Бұл – сапалы білімге бастайтын жаңа қадам.

Жасанды интеллектінің маңызды артықшылықтарының бірі – оқу үдерісін студенттің жеке қажеттілігіне бейімдеу мүмкіндігі. Әр білім алушының оқу қарқыны, білім деңгейі және ақпаратты қабылдау ерекшелігі әртүрлі. Бір студент тақырыпты мәтін арқылы жақсы түсінсе, екіншісіне кесте, сызба немесе нақты мысал қажет болуы мүмкін.

Жасанды интеллект оқу материалын түрлі тәсілмен түсіндіріп, студенттің біліміндегі кемшіліктерді анықтауға көмектеседі. Сонымен бірге жеке оқу жоспарын құрып, тақырыпты бекітуге арналған қосымша тапсырмалар ұсына алады. Осындай жекелендірілген қолдау студенттің өз мүмкіндігін дұрыс бағалауына, білім алуға деген қызығушылығын арттыруына және оқу нәтижесін жақсартуына ықпал етеді.

Жаңа технологиялар ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттер үшін де оқу үдерісін қолжетімді ете түсуде. Мәтінді дыбыстау, ауызша айтылған ақпаратты жазбаша мәтінге айналдыру, көлемді материалды ықшамдау және бірнеше тілге аудару қызметтері білім алуда кездесетін кейбір кедергілерді азайтады.

Жаңа технологияның мол мүмкіндігімен бірге үлкен жауапкершілікте келеді. Жасанды интеллект ұсынған ақпарат әрдайым дәл әрі дұрыс бола бермейді. Кейбір жауаптарда фактілік қателер, ескірген деректер немесе нақты көрсетілмеген мәліметтер кездесуі мүмкін. Сондықтан студент кез келген ақпаратты тексеріп, оны сенімді дереккөздермен салыстыруы тиіс.

Дайын жауапты өзгеріссіз көшіру білім сапасын арттырмайды. Керісінше, мұндай әрекет студенттің өздігінен ойлау, талдау және іздену қабілетін төмендетуі мүмкін. Жасанды интеллект білім алушының орнына тапсырма орындайтын құрал емес, оның білімін толықтырып, ойын дамытуға көмектесетін көмекші болуы қажет.

Жоғары оқу орындарындағы басты құндылықтардың бірі – академиялық адалдық. Технологияны қолданған кезде авторлық құқықты сақтау, пайдаланылған дереккөздерді көрсету және жұмыста студенттің өзіндік пікірі мен қорытындысының болуы маңызды. Студент жасанды интеллект дайындаған материалды өңдеп, тексеріп, өз ойымен толықтырғанда ғана технология білім сапасын жақсартуға қызмет етеді.

Академиялық адалдық қағидаларын ұстанатын жастар қоғамның сеніміне ие болатын білікті маман болып қалыптасады. Сондықтан жасанды интеллектіні дұрыс пайдалану мәдениеті студенттік кезеңнен басталуы керек.

Бүгінгі еңбек нарығында цифрлық технологияларды меңгерген, ақпаратты талдай алатын және жаңа жағдайға жылдам бейімделетін мамандарға сұраныс жоғары. Осыған байланысты қазақстандық жоғары оқу орындарының алдында маңызды міндет тұр. Университеттер студенттерге жасанды интеллектіні сауатты қолдануды, ақпаратты сыни тұрғыдан бағалауды және цифрлық қауіпсіздікті сақтауды үйретуі қажет.

Бұл бағытта арнайы курстар, тәжірибелік сабақтар, ғылыми жобалар мен студенттік зертханалар ұйымдастырудың маңызы зор. Білім алушылар жасанды интеллект құралдарын тек теория жүзінде танып қоймай, оларды нақты мәселелерді шешуде қолдануды үйренуі керек. Мұндай тәжірибе студенттің кәсіби сенімділігін арттырып, еңбек нарығына бейімделуіне мүмкіндік береді.

Жасанды интеллект оқытушы мен студент арасындағы байланысты алмастырмайды. Керісінше, оны жаңа деңгейге көтереді. Оқытушы студентке білім берумен қатар бағыт көрсетеді, оның қабілетін байқайды және тұлғалық дамуына ықпал етеді. Ал жасанды интеллект қосымша материал ұсыну, жаттығу дайындау және жедел кері байланыс беру міндеттерін атқара алады.

Оқытушының тәжірибесі, студенттің ізденісі және технологияның мүмкіндігі өзара үйлескен кезде білім беру сапасы арта түседі. Бұл – заманауи әрі бәсекеге қабілетті университет қалыптастырудың маңызды шарты. Жасанды интеллектіні пайдалану кезінде жеке деректердің қауіпсіздігін сақтау да назардан тыс қалмауы керек. Студенттер ашық жүйелерге жеке мәліметтерін, құпия құжаттарды немесе басқа адамдарға қатысты ақпаратты енгізбеуі қажет. Әрбір цифрлық қызметті қолданар алдында оның деректерді сақтау және өңдеу талаптарымен танысқан жөн. Цифрлық сауаттылық тек программалауды пайдалана білумен шектелмейді. Ол жеке ақпаратты қорғауды, күмәнді мазмұнды ажыратуды, интернеттегі қауіптерді түсінуді және технологиялық шешімдердің салдарын бағалауды қамтиды. Бұл дағдыларды меңгерген студент заманауи цифрлық ортада өзін сенімді ұстап, жауапты шешім қабылдай алады.

Жасанды интеллект дәуірінде білімді бағалау тәсілдері де жаңаруы тиіс. Студенттен дайын ақпаратты қайталап беру емес, мәселені талдау, дәлел келтіру, дереккөздерді салыстыру және өз шешімін қорғау талап етілуі керек. Тәжірибелік жобалар, пікірталастар, таныстырылымдар мен зерттеу жұмыстары білім алушының тақырыпты қаншалықты меңгергенін нақтырақ көрсетеді.

Жасанды интеллект адамды алмастыру үшін емес, оның мүмкіндігін кеңейту үшін жасалған. Технология қаншалықты дамыса да, адамның шығармашылық ойы, жауапкершілігі, жанашырлығы мен адамгершілік ұстанымы басты орында қалады. Жасанды интеллект ақпаратты жылдам өңдей алады, бірақ мақсатты анықтайтын, шешімнің маңызын бағалайтын және оның салдарына жауап беретін – адам.

Сондықтан әр студент жасанды интеллектіні қолданудың өзіндік мәдениетін қалыптастыруы тиіс. Алдымен тапсырманың мақсатын түсініп, мәселені өз бетінше ойластырып, содан кейін ғана технологияның көмегіне жүгінген дұрыс. Алынған жауапты тексеру, қатесін табу, деректерін нақтылау және өз көзқарасымен толықтыру – білім алушының жауапкершілігі.

Жасанды интеллектіні сауатты пайдаланған студент уақытын тиімді басқарып, білімін тереңдетіп, жаңа идеяларды жүзеге асыра алады. Ол технологияға тәуелді болмайды, керісінше, оны өзінің кәсіби және тұлғалық дамуына қызмет ететін құралға айналдырады.

Қазақстандық жастардың білімге құштарлығы, жаңашылдығы және технологияны меңгеруге деген талпынысы еліміздің болашағына деген сенімді күшейтеді. Университет қабырғасында қалыптасқан білім, жауапкершілік пен цифрлық мәдениет ертеңгі білікті маманның негізіне айналады.

Қазақстанның болашағы – білімді, ізденімпаз, шығармашыл және технологияны жауапкершілікпен қолданатын жастардың қолында. Сондықтан жасанды интеллектіні қауіп ретінде емес, дұрыс игерілуі тиіс жаңа мүмкіндік ретінде қабылдаған жөн. Осы мүмкіндікті біліммен, адалдықпен және адамгершілік құндылықтармен ұштастыра білген студент жаңа дәуірдің талаптарына сай маман ғана емес, ел дамуына үлес қосатын саналы азамат болып қалыптасады.

Сулейменова Алмажай Кубайдоллақызы[1] - қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагогика ғылымдарының магистрі, педагог-зерттеуші
Кубиева Аяжан Ерланқызы[2] - қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагогика ғылымдарының магистрі, педагог-модератор
[1,2]Ж.Досмұхамедов атындағы мектеп-бөбекжай балабақша кешені
БҚО, Сырым ауданы, Жымпиты ауылы

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІН САЛЫСТЫРА ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫСЫНЫҢ ДӘЛЕЛДІ ОҚУ ДАҒДЫСЫН ДАМЫТУ

Аңдатпа. Мақалада қазақ және әлем әдебиетін салыстыра оқыту жоғары сынып оқушысының дәлелді оқу дағдысын дамытатын теориялық және әдістемелік жүйе ретінде қарастырылады. Дәлелді оқу пікір айту емес, мәтіндік деректі іріктеу, оның маңызын түсіндіру, бірнеше мәтіндегі ақпаратты байланыстыру және негізделген қорытынды жасау әрекеттерінің бірлігі ретінде анықталады. Салыстырмалы әдебиеттану, диалогтік оқу, оқырмандық жауап, аргументация және көпмәтінді сауаттылық тұжырымдары негізінде алты әрекеттік модель ұсынылады. Мақала соңында авторлық бағдарламаны қолдану тәжірибесіндегі қысқаша оң динамика беріледі.
Түйін сөздер: салыстырмалы әдебиеттану, дәлелді оқу, көпмәтінді сауаттылық, мәтіндік дәйек, интерпретация, аргументация, жоғары сынып.

Аннотация. В статье сравнительное изучение казахской и мировой литературы рассматривается как теоретико-методическая система развития доказательного чтения старшеклассников. Доказательное чтение определяется как единство отбора текстовых данных, их интерпретации, интеграции сведений из нескольких текстов и формулирования обоснованного вывода. На основе сравнительного литературоведения, диалогического чтения, читательского отклика, теории аргументации и многотекстовой грамотности предложена модель из шести действий. В конце кратко представлена положительная динамика из опыта применения авторской программы.
Ключевые слова: сравнительное литературоведение, доказательное чтение, многотекстовая грамотность, текстовое доказательство, интерпретация, аргументация.

Abstract. The article examines comparative study of Kazakh and world literature as a theoretical and instructional system for developing evidence-based reading in upper-secondary students. Evidence-based reading is defined as the integrated ability to select textual data, explain its relevance, connect information across texts, and formulate a warranted conclusion. A six-action model is proposed on the basis of comparative literature, dialogic reading, reader-response theory, argumentation, and multiple-text literacy. A brief positive trend from the authors' teaching experience is presented at the end.
Keywords: comparative literature, evidence-based reading, multiple-text literacy, textual evidence, interpretation, argumentation.

Ақпарат көлемі артқан жағдайда оқу сауаттылығы мәтін мазмұнын қайта айтумен шектелмейді. Оқушы деректің қаншалықты орынды екенін бағалауы, бірнеше мәтіндегі ұқсас және қайшы ақпаратты байланыстыруы, авторлық ұстанымды ажыратуы және қорытындысын тексерілетін дәйекпен негіздеуі керек. Бұл талаптар әдебиет сабағына да тікелей қатысты: көркем мәтіндегі пікір бір ғана дұрыс жауапты табудан емес, мәтін бөлшегі мен тұтас көркем жүйе арасындағы байланысты түсіндіруден туады.

Мәселенің өзектілігін халықаралық бағалау нәтижелері де күшейтеді. PISA 2022 дерегінде Қазақстандағы 15 жастағы білім алушылардың 36%-ы оқу сауаттылығы бойынша кемінде 2-деңгейге жеткен, ал ЭЫДҰ орташа көрсеткіші 74% болған. Оқу сауаттылығының 5-деңгейіне немесе одан жоғарысына Қазақстанда 1%, ЭЫДҰ елдерінде орта есеппен 7% оқушы жеткен [2]. Жоғары деңгей ұзақ мәтінді түсіну, абстрактілі ұғымдармен жұмыс істеу, факт пен пікірді жасырын белгілер арқылы ажырату қабілетімен сипатталады. Сондықтан дәлелді оқуды жеке жаттығу емес, пән мазмұнына жүйелі енгізілген танымдық әрекет ретінде қалыптастыру маңызды [3; 14].

Қазақ және әлем әдебиетін қатар оқу осы міндетке табиғи мүмкіндік береді. Бір мәтінді талдағанда оқушы жеке әсеріне сүйеніп кетуі мүмкін; екі мәтін салыстырылғанда ол ортақ өлшем таңдауға, әр шығармадан дәлел келтіруге және айырмашылықтың себебін түсіндіруге мәжбүр болады. Салыстыру дәлелдің сапасын көрінетін етеді: екі үзіндінің қатар берілуі жеткіліксіз, олардың зерттеу сұрағына қатысы және авторлық шешімге ықпалы ашылуы тиіс. Осы тұрғыдан тақырыптың маңыздылығы әдеби білімді тереңдетумен қатар, ақпараттық ортада негізделген пікір айту мәдениетін қалыптастырумен айқындалады.

Мақаланың мақсаты - қазақ және әлем әдебиетін салыстыра оқытудың ғылыми негіздерін жүйелеп, жоғары сынып оқушысының дәлелді оқу әрекетін қалыптастыратын модель ұсыну. Зерттеу сұрағы: мәтіндік дәйек, контекст, балама пайым және салыстырмалы қорытынды бір оқу үдерісінде қалай байланысады? Зерттеу материалына 10-сыныпқа арналған 34 сағаттық, 18 әдеби жұпты қамтитын авторлық бағдарлама алынды [1]. Негізгі әдістер - теориялық талдау, салыстырмалы-типологиялық талдау, мазмұндық жүйелеу және дидактикалық модельдеу.

Дәлелді оқу - оқушының мәтіннен үзінді табуы ғана емес, тұжырым мен дерек арасындағы байланысты көрсетуі. С. Тулминнің аргументация үлгісінде тұжырым дерекпен негізделіп, олардың байланысын ашатын уәж арқылы бекітіледі [11]. Әдеби талдауда осы құрылым «пікір – дәйек – түсіндіру» түрінде көрінеді. Мысалы, кейіпкерді «еркіндікке ұмтылады» деп сипаттау - тұжырым; оның әрекеті немесе сөзі - дәйек; сол детальдың мінез бен идеяны қалай ашатынын көрсету - түсіндіру. Үшінші бөлік болмаса, үзінді дәлел қызметін атқармайды.

Дәлелді оқу көпмәтінді сауаттылықпен де байланысты. Ж.-Ф. Руэ күрделі құжатпен жұмыста оқырман тапсырма мақсатын түсініп, қажетті ақпаратты таңдап, дереккөздер арасындағы байланысты құрып, нәтижесін қайта тексеретінін көрсетеді [12]. М. А. Бритт, Ж.-Ф. Руэ және А. М. Дюрик мақсатты оқуда мәтінді түсіну мен одан өнім жасау - жауап, эссе, қорытынды - бір-бірінен бөлінбейтінін негіздейді [13]. Екі әдеби шығарманы салыстыру кезінде оқушы әр мәтіннің мазмұндық моделін ғана емес, олардың арасындағы интермәтіндік байланысты да жасайды. Демек, салыстырмалы оқу бір мезетте түсіну, іріктеу, біріктіру және бағалау әрекеттерін талап етеді.

Л. Розенблатт мағынаның мәтін мен оқырман әрекеттестігі барысында жасалатынын айтады [9]. Бұл оқушының жеке қабылдауын маңызды етеді, бірақ интерпретацияның шексіз еркіндігін білдірмейді: пайым мәтіннің тілдік және композициялық деректерімен тексеріледі. Л. Выготскийдің оқытудың әлеуметтік табиғаты туралы тұжырымы мұғалім сұрағы, үлгі, жұптық талқылау және кері байланыс арқылы оқушыны дербес дәлелдеуге жеткізудің негізін береді [10]. Осы екі бағыт дәлелді оқуда жеке жауап пен әлеуметтік тексерудің қатар жүруі қажет екенін көрсетеді.

А. Байтұрсынұлы көркем сөздің мазмұны, құрылымы мен тілдік қызметін ұлттық әдеби ұғымдар арқылы жүйеледі [4]. В. Жирмунский типологиялық ұқсастықты халықтардың қоғамдық-тарихи дамуындағы және көркем ойлауындағы сабақтастықпен түсіндірді [6]. Р. Уэллек пен О. Уоррен салыстыруда тақырыптық ұқсастықпен бірге жанр, композиция, стиль және тарихи ортаны ескеру қажеттігін көрсетті [7]. Сондықтан екі шығармадағы ортақ

кейіпкер, сюжет немесе мотив өздігінен ғылыми қорытынды болмайды; оқушы ұқсастықтың көркемдік қызметін және шешуші айырманың себебін ашуы керек.

М. Бахтиннің диалогизм тұжырымы бойынша көркем мағына өзге үндермен қатынаста тереңдейді [5]. Д. Дэмрош әлем әдебиетін ұлттық шекарадан тыс айналымда қайта оқылатын мәтіндер кеңістігі деп қарайды [8]. Бұл қағидалар қазақ және әлем әдебиетін иерархиялық емес, сұхбаттық қатынаста оқуға мүмкіндік береді. Қазақ шығармасы әлемдік мәтінге түсіндірме немесе қосымша мысал ретінде емес, ортақ адамзаттық мәселеге өзіндік көркем жауап берген дербес жүйе ретінде қарастырылады. Осындай ұстаным дәлелді оқудың мәдени жағын ашады: оқушы өзге дәуір мен мәдениетті түсіндіреді, бірақ айырмашылықты жоймайды.

Салыстырудың танымдық құндылығы үш деңгейден көрінеді. Біріншіден, оқушы екі мәтінге ортақ проблеманы анықтайды. Екіншіден, сол проблеманың әр туындыда жанр, кейіпкер, кеңістік, деталь және финал арқылы қалай шешілгенін талдайды. Үшіншіден, айырмашылықты тарихи-мәдени контекспен байланыстырып, өз қорытындысының шегін көрсетеді. Осы қозғалыс сыртқы ұқсастықтан негізделген интерпретацияға жеткізеді.

Ұсынылған модельде әр әрекет келесісінің сапасын анықтайды. Проблемалық сұрақ дұрыс қойылмаса, дәйек кездейсоқ таңдалады; ортақ өлшем сақталмаса, екі мәтін бөлек мазмұндалады; дәйек түсіндірілмесе, қорытынды пікір деңгейінде қалады.

Әрекет	**Оқушы орындайтын жұмыс**	**Бақыланатын нәтиже**
1 Проблемалық сұрақ	Екі мәтінге ортақ, түсіндіруді талап ететін сұрақ қояды	Сұрақ жай деректі емес, байланысты зерттеуге бағытталады
2 Ортақ өлшем	Кейіпкер таңдауы, орта, деталь, баяндау немесе финалдың бірін белгілейді	Екі шығарма бір негізбен салыстырылады
3 Қос дәйек	Әр мәтіннен өлшемге тікелей қатысты үзінді не эпизод таңдайды	Дерек нақты және тексеруге болады
4 Түсіндіру	Дәйектің кейіпкерге, идеяға және контекске қатысын ашады	Тұжырым мен дерек арасындағы уәж көрінеді
5 Балама пайым	Қарсы түсіндіруді немесе өз пікірінің шектеуін қарастырады	Асығыс жалпылау мен біржақтылық азаяды
6 Қорытынды	Ұқсастық пен шешуші айырманы бір тұжырымға біріктіреді	Қорытынды екі мәтіннің дәлелінен туындайды

Модельді «Ақ азу» мен «Көксерек» жұбында қолданғанда «екеуі де қасқыр» деген сыртқы белгі ортақ өлшем бола алмайды. «Адам ортасының қасқыр мінезіне ықпалы» деген өлшем себеп пен салдарды көрсететін эпизодтарды іздетеді. Ақ азудың зорлық пен қамқорлық тәжірибесі сенімге ұласса, Көксеректің күшпен бөлінуі мен жатсынуы адам әлемінен алыстауға әкеледі. Салыстырмалы қорытынды ортақ табиғи негізді ғана емес, ортаның әсері мен финалдың әртүрлі көркем шешімін қамтиды. Осылайша оқушы дайын баға бермей, мінездің қалыптасуын мәтін арқылы түсіндіреді.

Модель басқа жұптарға да бірдей көшірілмейді, оның логикасы сақталады. «Ромео мен Джульетта» мен «Еңлік-Кебекте» ортақ өлшем жеке таңдау мен әлеуметтік тыйымның арақатынасы болуы мүмкін; «Шал мен теңіз» бен «Шыңырауда» шеберлік, табандылық және тәуекел шегі салыстырылады. Әр жағдайда оқушы ортақ тақырыпты атаудан гөрі авторлардың сол мәселені қандай көркем құралмен және қандай финалдық шешіммен бергенін дәлелдейді.

Бағалау тапсырманың соңғы жауабын ғана емес, дәлел құру үдерісін де көрсетуі керек. Негізгі өлшемдер: ортақ салыстыру негізінің анықтығы; екі мәтіннен алынған дәйектің сәйкестігі; дәйекті түсіндірудің тереңдігі; тарихи-мәдени контекстің орынды қолданылуы; балама пайымға жауап; жинақтаушы қорытындының логикасы. Бұл өлшемдер оқушыға «дұрыс жауапты» табуды емес, өз пайымының қалай негізделетінін түсіндіреді.

Саралау мәтінді мазмұндық жағынан жеңілдетумен емес, танымдық қолдау көлемін өзгертумен іске асады. Қолдауды қажет ететін оқушыға салыстыру өлшемі, дәйек табылатын беттер, сұрақтар немесе сөйлем бастамалары беріледі. Дайындығы жоғары оқушы балама интерпретацияны, үшінші дереккөзді немесе авторлық стратегияны бағалайды. Кері байланыс бір сәтті әрекет пен бір нақты жетілдіру қадамын көрсетуі тиіс. Бұл тәсіл бағалауды баға қоюдан оқуды реттейтін құралға айналдырады.

Салыстырмалы оқу дәлелді ойлауды қалыптастыруы үшін үш шарт қажет. Біріншісі - екі мәтінге ортақ әрі даулы сұрақ; екіншісі - әр тұжырымды тексеретін қос дәйек; үшіншісі - дәйекті тарихи және көркем контексте түсіндіру. Егер оқушы тек ұқсастықтарды тізсе, көпмәтінді оқу жүзеге аспайды. Ал дерек, уәж және қорытынды бір жүйеге келгенде салыстыру ақпаратты біріктіру мен бағалаудың күрделі формасына айналады [11-13].

Бұл жұмыстың тәрбиелік мүмкіндігі де дәлел сапасымен байланысты. Өзге мәдени мәтінді түсіну бәрімен келісу дегенді білдірмейді. Оқушы қарсы пайымды дәл жеткізіп, оның тарихи логикасын түсіндіріп, өз ұстанымын кемсітетін жалпылаусыз негіздегенде толерантты коммуникацияның нақты әрекеттерін меңгереді. Демек, әлемдік коммуникацияға дайындық әдеби шығармалардың жай ұқсастығынан емес, айырмашылықты дәлелмен талқылау мәдениетінен қалыптасады.

2025-2026 оқу жылында авторлық бағдарламаны қолдану барысында жүргізілген бақылаудың екі деректер жинағында орташа көрсеткіш 67,5%-дан 74,5%-ға (+7 пайыздық тармақ) және 66,5%-дан 79,5%-ға (+13 пайыздық тармақ) өсті [15]. Оқушы жұмыстарында екі мәтіннен дәйек келтіру, әдеби ұғымдарды орынды қолдану, пікірді түсіндіру және салыстырмалы қорытынды жасау дағдыларында оң өзгеріс байқалды. Бұл мәліметтер модельдің оқу тәжірибесінде қолдануға жарамдылығын көрсететін қысқаша практикалық белгі ретінде берілді. Қатысушылар саны, жеке нәтижелер және бақылау тобы көрсетілмегендіктен, деректерді себеп-салдарлық тиімділіктің түпкілікті дәлелі деп қарастыруға болмайды.

Қазақ және әлем әдебиетін салыстыра оқу жоғары сынып оқушысына бір мәселені екі көркем жүйеде зерттеуге мүмкіндік береді. Оның ғылыми мәні ұқсастық табуда емес, ортақ өлшемді белгілеу, мәтіндік деректі іріктеу, дәйектің қызметін түсіндіру, контексті ескеру және балама пайымды тексеру арқылы негізделген қорытынды жасауда. Алты әрекеттік модель осы күрделі үдерісті бақылауға және бағалауға болатын оқу әрекеттеріне бөледі.

Дәлелді салыстыру әдеби білімді оқу сауаттылығымен, аргументациямен және мәдениетаралық танымммен байланыстырады. Оқушы қазақ әдебиетін әлемдік мәтіндермен тең сұхбатта қабылдап, әр шығарманың тарихи-ұлттық ерекшелігін сақтай отырып талдайды. Мұндай оқу өз пікірін мәтінмен негіздеуге, өзге көзқарастың логикасын түсінуге және әлемдік коммуникацияда айырмашылыққа құрметпен жауап беруге үйретеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Сулейменова А. К., Кубиева А. Е. Әдебиеттер тоғысы: қазақ және әлем әдебиетін салыстырмалы зерттеу: 10-сыныпқа арналған авторлық бағдарлама. Орал, 2026. 87 б.

2. OECD. PISA 2022 Results: Country Note - Kazakhstan. Paris: OECD Publishing, 2023. URL: https://www.oecd.org/en/publications/pisa-2022-results-volume-i-and-ii-country-notes_ed6fbcc5-en/kazakhstan_8c403c04-en.html

3. OECD. PISA 2022 Assessment and Analytical Framework. Paris: OECD Publishing, 2023. DOI: 10.1787/dfe0bf9c-en.

4. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш: зерттеу мен өлеңдер. Алматы: Атамұра, 2003. 208 б.
5. Бахтин М. М. Эстетика словесного творчества. Москва: Искусство, 1979. 424 с.
6. Жирмунский В. М. Сравнительное литературоведение: Восток и Запад. Ленинград: Наука, 1979. 493 с.
7. Wellek R., Warren A. Theory of Literature. 3rd ed. New York: Harcourt, Brace & World, 1962. 374 p.
8. Damrosch D. What Is World Literature? Princeton: Princeton University Press, 2003. 324 p.
9. Rosenblatt L. M. Literature as Exploration. 5th ed. New York: Modern Language Association, 1995.
10. Vygotsky L. S. Mind in Society: The Development of Higher Psychological Processes. Cambridge, MA: Harvard University Press, 1978. 159 p.
11. Toulmin S. E. The Uses of Argument. Updated ed. Cambridge: Cambridge University Press, 2003. 262 p.
12. Rouet J.-F. The Skills of Document Use: From Text Comprehension to Web-Based Learning. Mahwah, NJ: Lawrence Erlbaum Associates, 2006.
13. Britt M. A., Rouet J.-F., Durik A. M. Literacy Beyond Text Comprehension: A Theory of Purposeful Reading. New York: Routledge, 2018.
14. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031.
15. Сулейменова А. К., Кубиева А. Е. «Әдебиеттер тоғысы» авторлық бағдарламасын апробациялау актілері. Батыс Қазақстан облысы, Сырым ауданы, 2025-2026 оқу жылы. Қолжазба.

Капажанова Жанаргул Айбаровна[1] – меңгеруші,
Жолдыбаева Саним Сабыровна[2] – әдіскер,
Кайрова Нұрлыгул Кадыржановна[3] - бейнелеу жетекшісі
[1,2,3]«Нұршуақ» бөбекжай-бақшасы
Атырау облысы, Исатай ауданы

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ МЕН МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕРІ, ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ МЕН ТӘЖІРИБЕЛЕРІ «ЭКОӘЛЕМ БАЛАБАҚШАДА»

Аннотация. Бұл мақалада мектепке дейінгі жастағы балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудың заманауи тәсілдері қарастырылады. Авторлық «ЭКОӘЛЕМ» бағдарламасының негізгі идеясы – баланы табиғат туралы ақпаратты жай қабылдаушы емес, қоршаған әлемді белсенді зерттеуші ретінде қалыптастыру. Бағдарлама негізіндегі «5Э» моделі: эмоция, эрудиция, эксперимент, эко-әрекет және эко-әдет арқылы баланың табиғатқа деген қызығушылығын экологиялық жауапты мінез-құлыққа айналдыру жолдары ұсынылады.

Түйін сөздер: экологиялық тәрбие, экологиялық мәдениет, мектепке дейінгі ұйым, «ЭКОӘЛЕМ», «5Э» моделі, табиғат, зерттеу, эксперимент, экологиялық әдет, STEAM.

Кіріспе

Қоршаған әлемге деген баланың алғашқы көзқарасы мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Бұл жаста бала табиғатты бақылап, оның құбылыстарына қызығушылық

танытады, өсімдіктер мен жануарларға эмоционалды қатынас қалыптастырады және қоршаған ортадағы қарапайым мінез-құлық ережелерін меңгере бастайды. Сондықтан экологиялық тәрбие балабақшадағы тәрбие жұмысының қосымша бағыты емес, баланың тұлғалық дамуының маңызды құрамдас бөлігі болуы тиіс. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамытуға қатысты қазіргі мемлекеттік саясат баланың танымдық, физикалық, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын кешенді қолдауға бағытталған. 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамада экологиялық тәрбие, қоршаған әлемге ұқыпты қарау, экологиялық құндылықтарды қалыптастыру және табиғатты сақтауға жауапкершілік тәрбиенің маңызды бағыттары ретінде көрсетілген. Ал 2024–2029 жылдарға арналған «Таза Қазақстан» тұжырымдамасында экологиялық мәдениетті қалыптастырудың кешенді тәсілі, экологиялық білім беру және мектепке дейінгі ұйымдарда «Жасыл балабақша» бағытын дамыту қарастырылған.

Мектепке дейінгі ұйымдағы экологиялық білім беру мен мәдениетін қалыптастырудың заманауи тәсілдері. Дәстүрлі экологиялық тәрбие көбінесе балаға табиғат туралы ақпарат беруге негізделеді. Бала өсімдіктердің, жануарлардың атауларын біледі, табиғатты қорғау керектігін түсінеді, табиғаттағы мінез-құлық ережелерін жаттайды. Алайда экологиялық мәдениет тек біліммен қалыптаспайды. Бала «қоқысты жерге тастауға болмайды» деген ережені білуі мүмкін. Бірақ оның экологиялық мәдениеті қоқысты өзі арнайы орынға тастағанда, табиғаттағы тазалықты сақтағанда және өз әрекетінің қоршаған ортаға әсерін түсінгенде ғана қалыптаса бастайды. Сол сияқты бала «суды үнемдеу керек» деген ақпаратты есте сақтағанымен, суды қажетсіз ағызбау, кранды уақытында жабу, судың тіршілік үшін маңызын түсіну сияқты әрекеттерді күнделікті өмірінде қолдануы маңызды. Осы тұрғыдан алғанда экологиялық тәрбие мынадай қарапайым, бірақ маңызды тізбекке негізделуі қажет: **Білу → сезіну → зерттеу → әрекет ету → әдет қалыптастыру.** «ЭКОӘЛЕМ» бағдарламасының басты идеясы да осы бағытпен үндеседі. Балаға табиғат туралы дайын ақпаратты көбірек берудің орнына, оған табиғатты өздігінен байқауға, сұрақ қоюға, зерттеуге және қоршаған ортаға пайдалы әрекет жасауға мүмкіндік беріледі. «ЭКОӘЛЕМ» бағдарламасында бала пассивті тыңдаушы ретінде емес, қоршаған әлемді зерттеуші ретінде қарастырылады. Педагогтің рөлі де өзгереді. Ол тек білім беруші емес, баланың қызығушылығын қолдайтын, зерттеу әрекетін ұйымдастыратын және баланың өз бетінше қорытынды жасауына мүмкіндік беретін серіктеске айналады. Мысалы, педагог балаларға: *«Өсімдікке су не үшін қажет?»* – деген сұрақ қоя алады. Бала дайын жауапты тыңдамайды. Ол өсімдікті бақылайды, суарылған және суарылмаған өсімдіктің жағдайын салыстырады, өзгерістерді байқайды, өз болжамын айтады. Осыдан кейін қарапайым қорытынды жасайды. Мұндай әрекетте бірден бірнеше міндет шешіледі: бала табиғат туралы білім алады, бақылау жүргізеді, сөйлеу дағдысын дамытады, салыстырады, себеп-салдарлық байланысты түсінеді және тірі табиғатқа қамқорлық жасау қажеттігін сезінеді. Демек, экологиялық тәрбие күнделікті балабақша өмірінің табиғи бөлігіне айналады.

«5Э» – экологиялық мәдениетті қалыптастыру моделі

«ЭКОӘЛЕМ» бағдарламасының ерекшеліктерінің бірі – экологиялық мәдениетті қалыптастыруға арналған авторлық **«5Э» моделінің** ұсынылуы.

1. **Эмоция** Экологиялық мәдениеттің алғашқы қадамы – табиғатты эмоционалды қабылдау. Бала гүлдің әдемілігіне таңданады, құстың дауысын тыңдайды, көбелекті бақылайды, жаңбырдың жауғанын сезінеді, ағаштың өзгерісін байқайды. Педагог баланың табиғатқа деген қызығушылығын қолдап, оның сезімін сөзбен жеткізуіне мүмкіндік береді. «Қандай әдемі?», «Саған не ұнады?», «Бұл құбылыс саған қандай сезім тудырды?» сияқты сұрақтар баланың табиғатпен эмоционалды байланысын күшейтеді.

2. **Эрудиция** Эмоциялық қызығушылық біртіндеп білімге ұласады. Бала өсімдіктің, жануардың, табиғи құбылыстың атауын біледі. Оның ерекшеліктері, қажеттіліктері және қоршаған ортамен байланысы туралы жасына сай түсінік қалыптастырады. Бұл жерде басты

мақсат – баланы ақпаратпен шамадан тыс жүктеу емес, оның қызығушылығына сәйкес қажетті білімді ұсыну.

3.Эксперимент Бала зерттеушіге айналады. Ол: бақылайды → сұрақ қояды → болжам жасайды → тәжірибе жүргізеді → салыстырады → қорытынды жасайды. Мысалы, «Су қандай заттарды өткізеді?», «Қай топырақта өсімдік жақсы өседі?», «Мұз неге ериді?», «Жапырақтың түсі неге өзгереді?» сияқты қарапайым сұрақтар балалардың зерттеушілік белсенділігін арттырады. Мұндай тәжірибелер міндетті түрде қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып ұйымдастырылуы тиіс.

4.Эко-әрекет Бала алған білімін нақты әрекет арқылы көрсетеді. Өсімдікке күтім жасау, суды үнемдеу, бөлмедегі табиғат бұрышын реттеу, құстарға жем дайындау, табиғаттағы қоқысты жинау, қағазды тиімді пайдалану, қалдықтарды ажырату сияқты қарапайым әрекеттер баланың экологиялық жауапкершілігін қалыптастырады. Бұл жерде бала «табиғатты қорғау керек» деген сөзді жай қайталамайды, оны іс жүзінде орындайды.

5. Эко-әдет Қайталанатын экологиялық әрекет біртіндеп баланың күнделікті әдетіне айналады. Кранды ашық қалдырмау, жарықты қажетсіз жақпау, қоқысты тиісті жерге тастау, өсімдікке зиян келтірмеу, жануарларға қамқорлықпен қарау сияқты әрекеттер баланың күнделікті мінез-құлқында бекітіледі. Осылайша жеке тұлғаның экологиялық білімін **5-Э** моделі арқылы қалыптастырудамыз.











Қорытынды

Жалпы экологиялық мәдениет бір күнде қалыптаспайды. Ол баланың табиғатты көруінен, оған қызығуынан, сұрақ қоюынан, зерттеуінен және күнделікті шағын әрекеттерінен біртіндеп қалыптасады. «ЭКОӘЛЕМ» бағдарламасының басты құндылығы – экологиялық тәрбиені жеке іс-шара деңгейінен баланың күнделікті өмір салтына айналдыруға ұмтылуында. Бала табиғатты тек суреттен көріп қана қоймай, оны бақылайды. Тек ережені жаттап қана қоймай, оны орындайды.

Тек тәжірибені бақылап қана қоймай, өз болжамын тексереді. Тек «табиғатты қорғау керек» деп айтпай, табиғатқа нақты көмектеседі. Осы үдерісте эмоция білімге, білім зерттеуге, зерттеу әрекетке, әрекет әдетке айналады. Сондықтан «ЭКОӘЛЕМ» – балабақшадағы экологиялық іс-шаралардың жиынтығы ғана емес, баланың табиғатпен қарым-қатынасын қалыптастыратын педагогикалық мәдениет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулысы.
2. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.
3. Экологиялық мәдениетті дамытудың 2024–2029 жылдарға арналған «Таза Қазақстан» тұжырымдамасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 31 қазандағы №910 қаулысы.
4. “Мектепке дейінгі ұйым жағдайында балаларға экологиялық тәрбие беру” әдістемелік ұсынымдар -ҚР Оқу-ағарту министрлігі Балаларды ерте дамыту институты 2023ж

Закарияева Жайнар Закарияевна[1] – әдіскер,
Зайнова Камажай Мугауовна[2] – хореограф,
Жолдыбаева Гайни Сабыровна[3] – бейнелеу жетекшісі
«Атырау облысы Білім беру басқармасының Исатай ауданы білім бөлімінің
«Қарлығаш» бөбекжай-бақшасы коммуналдық мемлекеттік қазыналық
кәсіпорны

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ КӨРКЕМ-ЭСТЕТИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ДАМЫТУДЫҢ ТӘСІЛДЕРІ

(5 жастағы балаларға арналған)

Мектепке дейінгі кезең – баланың тұлғалық қалыптасуындағы аса маңызды даму кезеңдерінің бірі. Дәл осы уақытта баланың қоршаған ортаны қабылдауы, сезінуі, қиялдауы, шығармашылық ойлауы және эстетикалық талғамы қарқынды қалыптасады. Бала әлемді тек сөз және логикалық түсініктер арқылы ғана емес, музыка, қозғалыс, түс, бейне, ырғақ және ойын арқылы қабылдайды. Сондықтан мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үдерісінде баланың шығармашылық және көркем-эстетикалық дамуына ерекше мән беру қажеттілігі туындайды.

Шығармашылық – баланың жаңа нәрсе жасауға, өз ойын өзіндік жолмен жеткізуге, қалыптан тыс шешім табуға және қоршаған ортаға өзіндік көзқарас танытуға бағытталған табиғи қабілеті. Мектепке дейінгі жаста шығармашылық әрекет көбіне ойын, сурет салу, музыка тыңдау, ән айту, би қимылдары, сахналау, құрастыру және қиялға негізделген әрекеттер арқылы көрініс табады. Баланың шығармашылық әлеуетін дамыту үшін педагог оның дайын үлгіні қайталауына ғана емес, өздігінен ізденуіне, таңдау жасауына және өзіндік шешім қабылдауына мүмкіндік беруі қажет.

Музыка баланың есту және эмоционалдық қабылдауын дамытса, хореография дене қимылының мәнерлілігін қалыптастырады. Бейнелеу өнері түстер мен пішіндерді қабылдауға, композициялық ойлауға ықпал етеді. Театр баланың эмоциясын, сөйлеу мәнерін, қиялын және қарым-қатынас дағдыларын дамытады.

Ал шығармашылық ойын осы бағыттардың барлығын табиғи түрде біріктіруге мүмкіндік береді. Осыған байланысты мектепке дейінгі білім беру тәжірибесінде өнер бағыттарын кіріктіре ұйымдастырудың маңызы артып отыр. Кіріктіру баланың бір тақырыпты бірнеше шығармашылық әрекет арқылы қабылдауына мүмкіндік береді. Мысалы, «Күзгі бояулар» тақырыбын қарастырайық. Бала алдымен күз туралы музыкалық шығарманы тыңдайды, музыканың көңіл күйін анықтайды. Кейін күзгі жапырақтардың қозғалысын хореографиялық қимылдар арқылы бейнелейді. Одан әрі түрлі түсті жапырақтардың суретін салады немесе аппликация жасайды. Сабақ соңында «Күзгі орманда» атты шағын театрлық көрініске қатыса алады. Бір тақырыптың музыка, қимыл, бейнелеу және театр арқылы берілуі баланың қабылдау мүмкіндігін кеңейтеді.

Шығармашылық және көркем-эстетикалық мәдениетті дамытудағы маңызды қағидалардың бірі – баланың жас ерекшелігін және жеке мүмкіндігін ескеру. Әр баланың шығармашылық қабілеті әртүрлі деңгейде көрінуі мүмкін. Бір бала музыкалық ырғақты тез қабылдаса, екінші бала сурет салуға, үшіншісі сахналық әрекетке қызығуы мүмкін. Сондықтан педагог барлық баладан бірдей нәтиже талап етпей, әр баланың жеке шығармашылық мүмкіндігін ашуға бағытталған орта қалыптастыруы тиіс.

Ал бала: тыңдайды; бақылайды; салыстырады; қиялдайды; тәжірибе жасайды; қимылдайды; бейнелейді; сахналайды; өз идеясын ұсынады. Мектепке дейінгі балалардың көркем-эстетикалық мәдениетін дамытуда ұлттық мәдени мазмұнды пайдалану да маңызды. Қазақ халқының ұлттық музыкасы, биі, ою-өрнегі, ертегілері, салт-дәстүрлері мен қолөнер элементтері баланың эстетикалық талғамын қалыптастырумен қатар, мәдени құндылықтарды тануына мүмкіндік береді. Мысалы, «Ырғақты оюлар» тақырыбында бала қазақтың ою-

өрнектеріндегі қайталанатын ырғақты байқап, оны музыка ырғағымен байланыстыра алады. Ою элементтерін бейнелеп, сол өрнектің қозғалысын хореографиялық қимылмен көрсетуге, кейін ұлттық мазмұндағы шағын театрлық көрініс құруға болады.

Демек, мектепке дейінгі жаста шығармашылық және көркем-эстетикалық мәдениетті қалыптастыру – баланың тек өнерге қабілетін дамыту емес, оның тұлғалық әлеуетін ашудың маңызды құралы. Инновациялық модельдің теориялық негізі баланың табиғи шығармашылық мүмкіндігін қолдауға, өнер түрлерінің өзара байланысын қамтамасыз етуге және баланың белсенді шығармашылық әрекетін ұйымдастыруға сүйенеді.

Сондықтан заманауи мектепке дейінгі ұйымдағы шығармашылық білім беру ортасы «балаға не үйрету керек?» деген сұрақпен ғана шектелмей, «балаға өз идеясын қалай жүзеге асыруға мүмкіндік береміз?» деген ұстанымға негізделуі қажет.







Мажитова Орынгул Разиденовна
Педагог-психолог
Психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті
Атырау облысы, Атырау қаласы

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУЫН ҚОЛДАУДА ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЫҢ РӨЛІ

Аңдатпа. Мақалада ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың психологиялық дамуын қолдауда педагог-психолог қызметінің мазмұны мен маңызы қарастырылады. Психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті жағдайында баланың жеке ерекшеліктерін анықтау, психологиялық диагностика жүргізу, түзету-дамыту жұмыстарын ұйымдастыру, эмоциялық жағдайын тұрақтандыру, қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру және ата-анамен серіктестік орнату мәселелеріне назар аударылады. Педагог-психолог жұмысының баланың кемшілігіне емес, оның сақталған мүмкіндіктері мен даму әлеуетіне сүйенуі қажеттігі негізделеді. Мақалада психологиялық қолдаудың кезеңдері жүйеленіп, практикалық жұмыс бағыттары ұсынылады. Сонымен қатар педагог-психолог, ата-ана және басқа да мамандар арасындағы өзара әрекеттесудің маңызы көрсетіледі.

Түйін сөздер: ерекше білім беру қажеттіліктері, педагог-психолог, психологиялық қолдау, түзету-дамыту жұмысы, ППТК, диагностика, эмоциялық даму, әлеуметтік бейімделу, жеке тәсіл, ата-анамен серіктестік.

Кіріспе

Қазіргі білім беру кеңістігінде әр баланың жеке мүмкіндігі мен қажеттілігін ескеру білім беру сапасының маңызды көрсеткіштерінің біріне айналып отыр. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау тек олардың оқу жетістіктерін қамтамасыз етумен шектелмейді. Баланың қоршаған ортамен қарым-қатынасы, эмоциясын білдіруі, өзін бағалауы, жаңа жағдайға бейімделуі, тапсырманы орындауға қызығушылығы және әлеуметтік ортада өзін қауіпсіз сезінуі де жүйелі психологиялық қолдауды қажет етеді.

Қазақстанда ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау мен психологиялық-педагогикалық қолдаудың нормативтік негіздері қалыптасып, мамандар жұмысының мазмұны нақтыланып келеді. Қолдау баланың қиындықтарын анықтауды ғана емес, оның табысты оқуы, дамуы және әлеуметтенуі үшін қажетті әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайларды жасауды қамтиды. Осы тұрғыдан алғанда Психологиялық-педагогикалық түзеу кабинетіндегі педагог-психологтың қызметі ерекше мәнге ие. Педагог-психолог баланың психологиялық ерекшеліктерін зерделеп қана қоймай, оның жеке даму бағытын анықтауға, әлеуетін ашуға және күнделікті ортаға бейімделуіне жағдай жасайды.

Ерекше баланың психологиялық дамуын қолдаудың мәні

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың психологиялық дамуы әртүрлі қарқынмен және өзіндік ерекшеліктермен жүруі мүмкін. Бір балада зейіннің тұрақсыздығы байқалса, екіншісінде қарым-қатынасқа түсудегі қиындықтар, үшіншісінде эмоцияны реттеу немесе нұсқауды қабылдау мәселелері басым болуы ықтимал. Сондықтан барлық балаға бірдей психологиялық ықпал ету әдісін қолдану тиімді нәтиже бере бермейді.

Психологиялық қолдаудың негізгі қағидасы – баланы белгілі бір кемшілік немесе диагноз арқылы ғана сипаттамау. Педагог-психолог ең алдымен баланың **не істей алмайтынын емес, нені орындай алатынын, қандай жағдайда нәтижеге жететінін және қандай қолдауға жауап беретінін** анықтауы қажет.

Бұл жерде диагностика жұмыстың соңғы мақсаты емес, әрі қарайғы түзету-дамыту бағытын анықтайтын бастапқы құрал ретінде қарастырылады. Қазақстанда ерекше білім беру

қажеттіліктерін бағалау барысында когнитивтік және орындаушылық функциялар, сөйлеу, оқу-жазу және санау дағдылары, эмоционалдық-еріктік сала, әлеуметтік өзара әрекет, сенсорлық-моторлық ерекшеліктер сияқты бірнеше бағыт ескеріледі.

Педагог-психолог осы ерекшеліктерді кешенді түрде қарастырып, баланың психологиялық бейнесін қалыптастырады. Мұндай тәсіл баланы бір ғана көрсеткіш бойынша бағалаудан сақтап, оның дамуындағы күшті және әлсіз жақтарды қатар анықтауға мүмкіндік береді.

Педагог-психолог қызметінің негізгі бағыттары

ППТК жағдайындағы педагог-психолог жұмысының мазмұнын бірнеше өзара байланысты бағытқа бөлуге болады.

Бірінші бағыт – психологиялық диагностика. Диагностикалық жұмыс баланың танымдық процестерін, эмоциялық-еріктік ерекшеліктерін, қарым-қатынас дағдыларын, өзіндік бағасын және бейімделу мүмкіндіктерін анықтауға бағытталады. Диагностиканы бір реттік тексеру ретінде емес, баланың даму динамикасын бақылау үдерісі ретінде ұйымдастыру маңызды.

Екінші бағыт – түзету-дамыту жұмысы. Оның мазмұны диагностикалық нәтижелерге сәйкес құрылады. Мысалы, зейін тұрақсыздығы байқалған жағдайда зейінді шоғырландыруға арналған қысқа тапсырмалар, есте сақтау жаттығулары, реттілікті сақтау ойындары қолданылуы мүмкін. Эмоцияны реттеу қиындығы бар балалармен тыныс алу жаттығулары, эмоцияларды ажырату, сезімді сөзбен білдіру және жағдаяттарды талдау жұмыстары жүргізіледі.

Үшінші бағыт – әлеуметтік-коммуникативтік қолдау. Кейбір балалар өз қажеттілігін білдіруде, кезек күтуде, басқа адамды тыңдауда немесе бірлескен әрекетке қосылуда қиындық көреді. Мұндай жағдайда рөлдік ойындар, әлеуметтік жағдаяттарды модельдеу, диалогтік тапсырмалар және бірлескен шығармашылық әрекеттер нәтижелі болуы мүмкін.

Төртінші бағыт – ата-анамен психологиялық жұмыс. Ерекше баланың дамуына отбасы ортасының ықпалы жоғары. Сондықтан ата-анаға баланың ерекшеліктерін түсіндіру, үй жағдайында қолдау көрсету тәсілдерін ұсыну және баланың шағын жетістіктерін байқауға бағыттау педагог-психолог жұмысының маңызды бөлігі болып табылады.

Бесінші бағыт – мамандар арасындағы өзара әрекеттестік. ППТК-да психологтың жұмысы логопед, арнайы педагог, педагог, дене шынықтыру нұсқаушысы және басқа мамандардың қызметімен үйлескенде ғана кешенді сипат алады. Бір маманның бақылауындағы өзгеріс екінші маманның түзету жұмысына қажетті ақпарат беруі мүмкін.

Психологиялық қолдаудың кезеңдік моделі

Педагог-психолог жұмысының нәтижелілігін арттыру үшін қолдауды белгілі бір жүйемен ұйымдастыруға болады.

Кезең	Педагог-психологтың негізгі әрекеті	Күтілетін нәтиже
1. Бастапқы зерделеу	Әңгімелесу, бақылау, диагностикалық тапсырмалар, ата-анадан ақпарат жинау	Баланың жеке психологиялық ерекшеліктері анықталады
2. Қажеттілікті анықтау	Қиындықтардың сипатын және баланың сақталған мүмкіндіктерін талдау	Негізгі психологиялық қолдау бағыттары белгіленеді
3. Жеке жоспарлау	Мақсат, міндет және түзету-дамыту жаттығуларын таңдау	Баланың қажеттілігіне сәйкес жеке жұмыс бағыты құрылады
4. Түзету-дамыту жұмысы	Ойын, жаттығу, арт-терапиялық, коммуникативтік және эмоциялық әдістерді қолдану	Танымдық, эмоциялық және әлеуметтік дағдылардың дамуына жағдай жасалады
5. Динамикалық бақылау	Аралық нәтижелерді салыстыру, әдістерді түзету	Қолдау мазмұны баланың өзгерістеріне қарай бейімделеді
6. Қорытынды және ұсыныс	Нәтижені талдау, ата-ана мен мамандарға ұсыныстар беру	Баланың әрі қарайғы даму бағыты айқындалады

Кестеден көрінгендей, психологиялық қолдау бір ғана түзету сабағынан тұрмайды. Ол диагностикалау, жоспарлау, практикалық жұмыс және нәтижені бақылау кезеңдерінің өзара байланысынан құралады.

Түзету-дамыту жұмысында қолданылатын тиімді тәсілдер

Ерекше балалармен жұмыс кезінде әдістің баланың жасына, психологиялық ерекшелігіне және нақты қажеттілігіне сәйкестігі маңызды. Бір тапсырманың өзін әртүрлі деңгейде ұсынуға болады. Мысалы, балаға бірнеше эмоция бейнеленген сурет көрсетіліп, алдымен оларды атау ұсынылады. Келесі кезеңде белгілі бір эмоцияның себебін түсіндіру, кейін сол сезімді қандай тәсілмен басқаруға болатынын талқылау жүзеге асырылады.

Ойын технологиясы баланың табиғи белсенділігін пайдалануға мүмкіндік береді. Ойын барысында бала тапсырманы мәжбүрлі әрекет ретінде емес, қызықты әрекет ретінде қабылдайды. «Эмоцияны тап», «Не өзгерді?», «Менің көңіл күйім», «Қайсысы дұрыс?», «Жағдаятты шеш» сияқты ойындарды баланың мүмкіндігіне қарай күрделендіруге болады.

Арт-терапиялық элементтер де психологиялық қолдауда пайдалы құрал бола алады. Сурет салу, түспен жұмыс жасау, мүсіндеу, коллаж құрастыру арқылы бала сөзбен жеткізуі қиын эмоцияларын шығармашылық әрекет арқылы білдіреді. Мұнда педагог-психолог баланың жұмысын асығыс интерпретацияламай, оның әрекетін бақылап, баланың өз түсіндіруіне мүмкіндік бергені дұрыс.

Сонымен қатар сенсорлық ерекшеліктері бар балалар үшін қоршаған ортадағы артық тітіркендіргіштерді азайту, тапсырмаларды шағын бөліктерге бөлу, визуалды нұсқаулықтар пайдалану және алдын ала ескерту тәсілдері маңызды болуы мүмкін.

Педагог-психологтың кәсіби ұстанымы

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істейтін педагог-психологтың кәсіби қызметі баланың психологиялық ерекшеліктерін анықтаумен ғана шектелмейді. Оның негізгі міндеттерінің бірі – баланың өзін қауіпсіз сезінуіне, өз мүмкіндігін байқап көруіне, қарым-қатынас жасауына және біртіндеп дербес әрекет етуіне қолайлы психологиялық орта қалыптастыру. Сондықтан маманның кәсіби ұстанымы түзету-дамыту жұмысының мазмұны мен нәтижесіне тікелей ықпал етеді.

Педагог-психологтан арнайы психологиялық-педагогикалық біліммен қатар эмпатия, сабырлылық, байқағыштық, икемділік және баланың жеке ерекшеліктерін қабылдай білу қабілеті талап етіледі. Әр баланың даму қарқыны бірдей болмайды. Бір бала жаңа тапсырманы бірнеше әрекеттен кейін қабылдаса, екіншісі оны орындау үшін визуалды үлгіні, қосымша түсіндіруді немесе ересектің көмегін қажет етуі мүмкін. Осы айырмашылықтарды ескермей, барлық балаға бірдей талап қою психологиялық тұрғыдан тиімсіз болуы ықтимал.

Баланың тапсырманы бірден орындамауы оның қабілетсіздігін білдірмейді. Кей жағдайда қиындық тапсырманың күрделілігіне, нұсқаудың ұзақтығына, қоршаған ортадағы артық тітіркендіргіштерге, баланың шаршауына немесе эмоционалдық жағдайына байланысты болуы мүмкін. Сондықтан педагог-психолог баланың әрекетін бағалаудан бұрын: «Бұл тапсырма балаға қандай жағдайда қолжетімді болады?», «Оған қандай қолдау қажет?», «Тапсырманы қандай жолмен жеңілдетуге болады?» деген сұрақтарға жауап іздеуі қажет.

Педагог-психолог үшін маңызды қағидалардың бірі – **«баланы өзгерту» емес, баланың дамуына қолайлы жағдай жасау**. Бұл ұстаным маманның баламен өзара әрекеттесу тәсілінен көрінеді. Мысалы, қарым-қатынасқа сирек түсетін балаға бірден ұзақ диалог құруды талап ету оның ішкі қысымын күшейтуі мүмкін. Оның орнына алдымен екі заттың бірін таңдауды ұсыну, қысқа жауапты қабылдау, ым-ишараны сөзбен толықтыру, кейін біртіндеп қысқа сөйлемге көшу тиімді болады. Осылайша бала өз әрекетінің нәтижесін сезініп, қарым-қатынасқа деген сенімі біртіндеп қалыптасады.

Түзету-дамыту жұмысында **«қарапайымнан күрделіге», «қолжетімдіден жаңаға»** қағидасын сақтау маңызды. Алдымен бала орындай алатын әрекет ұсынылып, кейін оның құрамына жаңа элемент енгізіледі. Мысалы, бала сурет бойынша бір сөзбен жауап бере алса, келесі кезеңде екі сөзден тұратын жауап құрастыруға, кейін қысқа сөйлем айтуға

ынталандырылады. Мұндай бірізділік баланың мүмкіндігін шамадан тыс талаппен шектемей, даму динамикасын табиғи түрде қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Педагог-психологтың кәсіби ұстанымында **позитивті кері байланыс** ерекше орын алады. Баланың шағын жетістігін дер кезінде байқау оның өз күшіне деген сенімін арттырады. Алайда кері байланыс жалпы мақтаудан тұрмауы керек. «Жарайсың!» деген сөзбен қатар нақты әрекетті атап көрсету маңызды: «Бүгін тапсырманы соңына дейін орындадың», «Бүгін өз қалауыңды сөзбен айттың», «Суреттегі үш эмоцияны дұрыс ажыраттың», «Басқа баланың әрекетін күттің» деген сияқты нақты пікір баланың қандай әрекеті сәтті болғанын түсінуіне көмектеседі.

Маманның дауыс ырғағы, сөйлеу қарқыны, бет әлпеті және дене қимылы да баланың психологиялық жағдайына әсер етеді. Сондықтан педагог-психолог күрделі немесе күтпеген жағдайда да сабырлы реакция танытуы қажет. Баланың қателесуіне мүмкіндік беру, қайта орындауға жағдай жасау, қажет болған жағдайда қысқа үзіліс ұсыну – психологиялық қауіпсіз ортаның маңызды элементтері.

Сонымен қатар педагог-психолог баланың жеке шекарасын құрметтеуі тиіс. Баланың қандай да бір әрекетке бірден қосылмауы әрқашан қарсылық ретінде қабылданбауы керек. Кей жағдайда балаға тапсырманы қабылдау үшін уақыт қажет болады. Маман баланың мінез-құлқын жазалау немесе мәжбүрлеу арқылы емес, оның себебін түсіну және қолдау деңгейін өзгерту арқылы реттегені дұрыс.

Кәсіби ұстанымның тағы бір маңызды қыры – **баланың күшті жақтарына сүйену**. Мысалы, бала вербалды қарым-қатынаста қиындық көргенімен, құрастыруға, сурет салуға немесе музыкалық әрекетке қызығушылық танытуы мүмкін. Осы қызығушылықтарды психологиялық жұмыстың тірегіне айналдыруға болады. Бала жақсы орындайтын әрекет арқылы жаңа дағдыны қалыптастыру оның мотивациясын сақтауға көмектеседі.

Педагог-психолог өз жұмысында баланың нәтижесін басқа балалардың көрсеткіштерімен салыстырудан гөрі, оның **жеке даму динамикасын** бақылағаны жөн. Бүгін бала тапсырманы маманның көмегімен орындаса, белгілі бір уақыттан кейін оны жартылай дербес, кейін өздігінен орындауы мүмкін. Осы өзгерістердің барлығы психологиялық қолдаудың нәтижесін бағалауда маңызды.

Сондықтан педагог-психологтың кәсіби ұстанымын бірнеше негізгі қағида арқылы сипаттауға болады: баланы қабылдау, оның жеке ерекшелігін ескеру, қауіпсіз психологиялық орта құру, қолжетімді мақсат қою, шағын жетістіктерді бекіту, жеке даму динамикасын бақылау және қажет болған жағдайда қолданылатын әдістерді өзгерту. Бұл қағидалар маманның күнделікті практикасында өзара байланыста жүзеге асқанда ғана түзету-дамыту жұмысы жүйелі сипат алады.

Ата-анамен серіктестік

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланың психологиялық дамуын тек Психологиялық-педагогикалық түзеу кабинетінде өткізілетін сабақтармен шектеу дұрыс емес. Баланың күнделікті өмірінің негізгі бөлігі отбасында өтетіндіктен, ата-ананың қолдауы түзету-дамыту жұмысының жалғастығын қамтамасыз ететін маңызды фактор болып табылады. Осыған байланысты педагог-психолог пен ата-ана арасындағы өзара сенімге негізделген серіктестік ерекше мәнге ие.

Ата-анамен алғашқы кездесуден бастап маманның қарым-қатынас стилі маңызды. Кейбір ата-аналар баласының ерекшелігіне байланысты алаңдаушылық, сенімсіздік немесе шамадан тыс уайым сезінуі мүмкін. Сондықтан педагог-психолог баланың қиындықтарын механикалық түрде тізіп бермей, оның даму ерекшеліктерін түсінікті тілмен түсіндіріп, қолдаудың нақты мүмкіндіктерін көрсетуі қажет.

Ата-анамен жұмыста баланың қиындықтарын ғана көрсету жеткіліксіз. Керісінше, **қиындық – мүмкіндік – қолдау** байланысын көрсету пайдалы. Мысалы, «балаңыз нұсқауды толық орындамайды» деген пікірдің орнына «екі қадамнан тұратын нұсқауды орындады, үшінші қадамда қосымша еске салуды қажет етті» деген нақты ақпарат ата-анаға баланың

қазіргі мүмкіндігін дұрыс түсінуге көмектеседі. Мұндай сипаттама әрі объективті, әрі баланың даму перспективасын көруге мүмкіндік береді.

Ата-анаға берілетін ұсыныс нақты, қарапайым және күнделікті өмірде қолдануға болатын сипатта болғаны жөн. Үй жағдайында күрделі кәсіби жаттығуларды міндеттеу ата-анаға қосымша салмақ түсіруі мүмкін. Оның орнына күнделікті әрекеттердің өзін дамыту мүмкіндігі ретінде қарастыруға болады. Мысалы, бірге сурет қарау кезінде «Бұл кім?», «Ол не істеп жатыр?», «Оның көңіл күйі қандай?» деген сұрақтар арқылы баланың сөйлеу және эмоцияны тану дағдыларын дамытуға болады.

Күнделікті тұрмыстық жағдайларды да психологиялық қолдауға пайдалануға мүмкіндік бар. Дүкенге барған кезде балаға екі заттың бірін таңдауды ұсыну – шешім қабылдау дағдысын; ойын кезінде кезек күтуді үйрету – әлеуметтік өзара әрекетті; күн тәртібін суреттер арқылы көрсету – реттілік пен дербестікті; көңіл күйді күн сайын атау – эмоцияны тану және білдіру қабілетін дамытуға ықпал етеді.

Ата-анамен кері байланысты жүйелі ұйымдастыру да маңызды. Маман әр сабақтан кейін ұзақ есеп беруге міндетті емес, бірақ баланың маңызды жетістігі немесе қиындықтары туралы қысқа әрі нақты ақпарат бере алады. Мысалы: «Бүгін бала тапсырманы бұрынғыдан ұзақ уақыт орындады», «Өз таңдауын сөзбен білдірді», «Жаңа ойын ережесін екі рет түсіндіргеннен кейін қабылдады» деген сияқты мәліметтер ата-анаға баланың даму динамикасын бақылауға мүмкіндік береді.

Ата-анамен серіктестіктің тиімді формаларына жеке кеңес беру, қысқа ұсынымдар әзірлеу, бірлескен бақылау, ашық түзету сабағына қатыстыру және үй жағдайында орындауға болатын шағын тапсырмалар ұсыну жатады. Бұл жұмыстардың мақсаты ата-ананы маманның орнына қою емес, керісінше, кәсіби көмекті отбасы жағдайындағы күнделікті қолдаумен байланыстыру болып табылады.

Сонымен қатар педагог-психолог ата-ананың пікірін де тыңдауы қажет. Өйткені ата-ана баланың үйдегі мінез-құлқын, белгілі бір жағдайларға реакциясын, қызығушылығын және күнделікті әдеттерін жақсы біледі. Кабинеттегі бақылау мен үйдегі бақылауды салыстыру баланың психологиялық ерекшеліктерін толық түсінуге мүмкіндік береді. Мысалы, бала маманмен қарым-қатынаста белсенді болғанымен, үйде өз ойын білдіруге қиналуы мүмкін немесе керісінше, үй жағдайында еркін әрекет етіп, жаңа ортада тұйықталуы ықтимал. Мұндай айырмашылықтар түзету жұмысын жоспарлау кезінде ескерілуі керек.

Ата-анамен серіктестікте **«маман – ата-ана» емес, «маман + ата-ана»** қағидасы маңызды. Екі тараптың мақсаты ортақ болғанымен, олардың міндеттері әртүрлі. Педагог-психолог кәсіби диагностика, психологиялық қолдау және түзету-дамыту әдістерін ұйымдастырса, ата-ана сол дағдылардың күнделікті ортада бекітілуіне жағдай жасайды. Осы екі бағыт бір-бірін толықтырғанда баланың дамуында тұрақты нәтижеге қол жеткізу мүмкіндігі артады.

Ата-анамен жұмыс барысында құпиялылық пен әдеп нормаларын сақтау да маңызды. Баланың ерекшеліктері туралы ақпаратты басқа ата-аналармен немесе бөгде адамдармен талқылауға жол берілмеуі тиіс. Маман ата-анаға баланың жеке ерекшеліктерін құрметпен түсіндіріп, оның жеке басына қатысты жағымсыз немесе кемсітуші сипаттамалардан аулақ болуы қажет.

Педагог-психолог ата-анамен сөйлескенде диагнозды немесе қиындықты баланың тұлғалық қасиеті ретінде көрсетпеуі керек. «Бала қырсық», «жалқау», «тәртіпсіз» деген бағалаулардың орнына нақты мінез-құлықты сипаттау кәсіби тұрғыдан дұрыс. Мысалы, «тапсырма өзгерген кезде қарсылық білдіреді», «жаңа жағдайға бейімделу үшін қосымша уақыт қажет», «ауызша нұсқауды бірнеше рет қайталауды қажет етеді» деген сипаттамалар мәселені нақты түсінуге және оны шешу жолын белгілеуге мүмкіндік береді.

Осылайша ата-анамен серіктестік – педагог-психолог жұмысының қосымша бөлігі емес, ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланы кешенді психологиялық қолдаудың құрамдас

бағыты. Ата-ана баласының мүмкіндігін түсініп, маманның ұсынымдарын күнделікті ортада жүйелі қолданған кезде түзету-дамыту жұмысының нәтижесі бекітіле түседі.

Жалпы алғанда, педагог-психологтың кәсіби ұстанымы мен ата-анамен серіктестігі бір-бірінен бөлек қарастырылмайды. Баланы қабылдау, оның жеке мүмкіндігін ескеру, шағын жетістіктерін қолдау және ата-анамен ашық байланыс орнату – психологиялық-педагогикалық көмектің өзара сабақтас элементтері. Мұндай тәсіл ерекше баланы тек түзету объектісі ретінде емес, өзіндік мүмкіндігі, қызығушылығы және даму әлеуеті бар тұлға ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың психологиялық дамуын қолдау – педагог-психологтың жеке атқаратын жұмысы ғана емес, баланы қоршаған ересектердің бірлескен әрекетін талап ететін кешенді үдеріс. ППТК жағдайында педагог-психолог баланың жеке ерекшеліктерін анықтап, оның мүмкіндіктеріне сәйкес түзету-дамыту бағытын жоспарлайды, эмоциялық және әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі және ата-анамен тұрақты серіктестік орнатады.

Тиімді психологиялық қолдаудың негізінде үш маңызды ұстаным жатуы тиіс: **баланың жеке ерекшелігін ескеру, оның сақталған мүмкіндіктеріне сүйену және даму динамикасын жүйелі бақылау**. Осы ұстанымдар сақталған жағдайда психологиялық көмек баланың тек белгілі бір қиындықтарын азайтуға емес, оның дербестігін, өзіне деген сенімін, қарым-қатынас қабілетін және әлеуметтік ортаға бейімделу мүмкіндігін арттыруға бағытталады.

Педагог-психологтың басты міндеті – баладан қалыпты көрсеткішке механикалық түрде жетуді талап ету емес, оның қолжетімді даму қадамын анықтап, сол қадамды жасауына жағдай қалыптастыру. Сондықтан ППТК қызметіндегі психологиялық қолдау баланың бүгінгі мүмкіндігін бағалаумен қатар, оның ертеңгі әлеуетін көруге бағытталған жүйелі кәсіби әрекет болуы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Елисеева И.Г., Ерсарина А.К. Жалпы білім беретін мектепте ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу: әдістемелік ұсынымдар. – Алматы: АИБД ҰҒПО, 2019. – 96 б.

2. Коржова Г.М., Вишневская Т.А., Баймуратова А.Т., Завалишина О.В. Организационно-методические основы педагогической поддержки детей с особыми образовательными потребностями в дошкольных организациях образования: методические рекомендации. – Алматы: ННПЦ РСИО, 2020.

3. Елисеева И.Г. Индивидуализация учебно-воспитательного процесса школьников с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе: методические рекомендации. – Алматы: ННПЦ РСИО, 2021.

4. Ерсарина А.К. Психологическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательных организациях: методические рекомендации. – Алматы: ННПЦ РСИО, 2022. – 142 с.

5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №4 бұйрығы. Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын және бағдарламаларын бекіту туралы.

6. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулысы. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы.

7. Баймуратова А.Т., Самиева Г.Б. Мектепке дейінгі ұйымдарда ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау жеке бағдарлама әзірлеу: әдістемелік нұсқаулық. – Алматы, 2024. – 71 б.

Жумашева Асем Балтабаевна
Педагог-психолог
Психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті
Атырау облысы, Атырау қаласы

ЕРТЕ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ДАМУЫН ҚОЛДАУДА ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРҒЫДАН ҚОЛДАНУ

Аңдатпа. Мақалада ерте жастағы балалардың психологиялық және танымдық дамуын қолдауда ойын технологияларын қолданудың мүмкіндіктері қарастырылады. Ерте жас кезеңі баланың қабылдауы, зейіні, есте сақтауы, сөйлеуі, қимыл-қозғалысы, эмоциялық реакциялары мен алғашқы әлеуметтік дағдылары қарқынды қалыптасатын маңызды даму кезеңі болып табылады. Осы кезеңде баламен жүргізілетін психологиялық-педагогикалық жұмыстың мазмұны оның жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес құрылуы қажет. Мақалада ойынның баланың психикалық үдерістерін ынталандырудағы, эмоционалдық жай-күйін тұрақтандырудағы, қарым-қатынасқа қызығушылығын арттырудағы және дербестігін қалыптастырудағы рөлі сипатталады. Психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті жағдайында қолдануға болатын сенсорлық, қимыл-қозғалыстық, заттық-манипуляциялық, сюжеттік, коммуникативтік және эмоциялық ойындардың ерекшеліктері жүйеленіп, педагог-психологтың оларды таңдауы мен ұйымдастыруына қойылатын негізгі талаптар ұсынылады. Сонымен қатар баланың даму динамикасын бақылауға мүмкіндік беретін ойындық тапсырмаларды қолдану алгоритмі ұсынылады.

Түйінді сөздер: ерте жас, ойын технологиясы, педагог-психолог, психологиялық қолдау, түзете-дамыту жұмысы, эмоционалдық даму, танымдық даму, сенсорлық даму, ерте араласу, баланың жеке ерекшелігі.

Кіріспе

Баланың ерте жастағы кезеңі – оның кейінгі психологиялық, әлеуметтік және танымдық дамуының негізі қаланатын аса маңызды уақыт аралығы. Осы кезеңде бала қоршаған ортаны ең алдымен тікелей әрекет, қарым-қатынас және заттармен тәжірибелік өзара әрекеттесу арқылы танып-біледі. Сондықтан ерте жастағы баламен жүргізілетін түзете-дамыту жұмысы дәстүрлі «тапсырма орындату» үлгісіне емес, баланың табиғи белсенділігіне сүйенуі тиіс.

Қазақстанның мектепке дейінгі білім беру стандартында баланың толыққанды дамуы физикалық, психологиялық, әлеуметтік және эмоционалдық денсаулығын қамтамасыз етумен, жағымды қарым-қатынас пен дамытушы ортаны ұйымдастырумен байланыстырылған. Сонымен бірге дамытушы орта баланың заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділігін, өз әрекетін таңдауын және өз идеясын жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етуі қажет деп көрсетіледі [1].

Бұл талаптар педагог-психологтың қызметі үшін де маңызды. Себебі Психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті жағдайында баланың даму ерекшеліктерін ескере отырып, оның психологиялық мүмкіндіктерін қолдау, қиындықтарын ерте анықтау және жеке түзете-дамыту бағытын белгілеу қажет.

Осы тұрғыдан алғанда ойын – тек көңіл көтеру немесе баланың уақытын ұйымдастыру құралы емес, оның психикалық дамуын табиғи жолмен қолдайтын маңызды психологиялық құрал.

Ерте жаста ойынның психологиялық маңызы

Ерте жаста бала үшін ойынның құндылығы оның қарапайымдылығында емес, баланың бірнеше психикалық үдерісін бір уақытта іске қосуында. Мысалы, бала қарапайым текшелерді бірінің үстіне бірін қойғанда, ол тек қол қимылын орындамайды. Ол заттың көлемін

ажыратады, көзбен бақылайды, қимылын жоспарлайды, нәтижені салыстырады және сәтсіз болған жағдайда әрекетін қайта ұйымдастырады.

Демек, қарапайым ойын әрекетінің өзінде қабылдау, зейін, есте сақтау, ойлау, қимыл-қозғалыс және эмоциялық реттелу элементтері қатар жүреді.

Қазақстандық зерттеулерде де ойын әрекетінің мектепке дейінгі баланың психикалық және эмоционалдық дамуындағы маңызы көрсетіледі. А.Каненова мен М.Н.Кузетова ойынның баланың эмоционалдық саласын дамытуға және психологиялық жай-күйін қолдауға мүмкіндік беретінін атап көрсетеді [2].

Ал М.М. Изат, Ұ.Қ. Қыяқбаева және В. Байрактардың зерттеуінде дамытушы ойындардың мектепке дейінгі балалардың зияткерлік дағдыларын қалыптастырудағы мүмкіндіктері қарастырылған [3].

Ойынның тағы бір маңызды ерекшелігі – баланың оған ерікті түрде қатысуы. Психолог тарапынан берілген тапсырманы бала «орындауға тиіс міндет» ретінде қабылдаса, ойын жағдайында сол әрекетке өзінің қызығушылығы арқылы қосылады. Бұл әсіресе қарым-қатынасқа бірден түсе қоймайтын, жаңа ортаға бейімделуі баяу немесе белгілі бір әрекетке қарсылық білдіретін балалармен жұмыста маңызды.

Педагог-психолог жұмысындағы ойын технологияларының негізгі бағыттары

Психологиялық-педагогикалық түзеу кабинетінде ойын технологияларын қолдану баланың нақты даму қажеттілігіне сәйкес таңдалуы керек. Бір балаға тиімді болған ойын екінші бала үшін дәл сондай нәтиже бермеуі мүмкін. Сондықтан ойын таңдаудың бастапқы нүктесі – баланың жеке ерекшелігін анықтау.

1. Сенсорлық ойындар. Сенсорлық ойындар ерте жаста ерекше маңызға ие. Түрлі түсті, көлемді, пішінді, текстуралы заттармен жұмыс жасау арқылы бала қоршаған ортаның қасиеттерін ажыратуды үйренеді. Мысалы, «Жұмсақ-қатты», «Үлкен-кіші», «Түсті тап», «Қайсысы жасырынды?» сияқты қарапайым ойындар қабылдау мен зейінді белсендіреді.

Психолог сенсорлық ойын кезінде баланың затты қалай ұстайтынына, нұсқауды қабылдауына, әрекетті қайталауына және жаңа материалға реакциясына назар аудара алады.

